# «Биология сабағында оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін дамыту»



Алматы облысының білім басқармасы
Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институты

# «Биология сабағында оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін дамыту»

2009 жыл.

**УДК 372.8:57**
**ББК 74.26**

**«Биология сабағында оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін дамыту»**

**Құрастырған: Қазыбаева Кенжетай Қабдолдақызы**
**Кербұлақ ауданы, Т.Құлыбеков атындағы орта мектептің биология пәні мұғалімі**

**Пікір жазған: Д.Шардарбеков п.ғ.к.,**
**Оқыту триясы мен мазмұны кафедрасының меңгерушісі**

**Мұғалімнің іс-тәжірибесін жинап, қорытындылаған: Адыбаева Л.Д. –**
АОМКДИ әдіскері

**Баспаға АОМКДИ ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылады**
**26.06.2009жыл №2 хаттама**

**Б 56** Биология сабағында оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін дамыту / Құраст. Қ.К.Қазыбаева. – Алматы: АОМКДИ, 2009.-92 б ISBN. 9965-414-94-7

Бұл әдістемелік нұсқауға мұғалімнің көп жылғы іс тәжірибесі жинақталған. Биология сабағында білім технологияларының түрлерін пайдалана отырып сызбалар, суреттер арқылы өткізілген сабақтары ұсынылды.

Кітапша орта мектептің биология пәні мұғалімдеріне арналады.

**УДК 372.8:57**
**ББК 74.26**

**Б4306010000**
**00 (05) – 09**

**ISBN. 9965-414-94-7**

**© Л.Д.Адыбаева / 2009**



**Қазыбаева Кенжетай Қабдолдақызы**

1961 жыл 10 қаңтар Алматы облысы,Кербұлақ ауданы, Қоянкөз ауылында туған.

**Білімі:** жоғары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты, жаратылыстану факультеті, химия - биология бөлімін 1982 жылы бітірген

**Марапатталуы:** ҚР білім беру ісінің үздігі 1996 жыл, ҚР 10 жылдығы мерекелік медалі.

**Жетістігі**: 2001 жыл I облыстық биологтар байқауы II дәрежелі диплом, «Биология және сыныптан тыс жұмысты жүргізу іс-тәжірибесі» кітапша жинағы. АОМКДИ 2001 жыл.

Окушылары облыстық пән олимпиадасынан Сайлыбаева Айжан 10 сынып оқушысы II орын 2001 жыл алса, Метербай Сағындық III орын 2009 жыл.

**Менің ұраным:** Мақсаттылықтан туған мазасыздық.

**Менің өмірлік мақсатым:** Балаға жүрек жылуы.

**Менің әуестігім:** Өнер, өлең маған жақын<br>Болмасамда үлкен ақын.

**Педагогикалық үзінді:** Бірің қазақ бірің дос,<br>Көрмесең істің бәрі бос.

# Кіріспе

**Мұғалімнің негізгі мақсаты** – сабақ барысында оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Мұғалім мамандығын таңдағандықтан, мұғалімнің бүкіл мақтанышы – шәкірттерінде, өз бетімен ойлай білуге талпынатын, өзіндік көзқарасы бар шәкірт даярлау міндетіміз. Дәстүрлі сабақта негізгі сөйлеуші, үйретуші мұғалім болса, жаңа технологиялық оқу процесінде мұғалімнің міндеті оқушының пәнге қызығушылығын арттыру арқылы, өз бетінше игеруге сенім білдіру,өз білімін әрі қарай дамытуына жағдай тудыру, шығармашылық деңгейге дейін көтерілуіне мүмкіндік жасау. Сондай мүмкіндік жасайтын сабақтың бір түрі – тренинг түріндегі сабақ. **Тренинг** дегеніміз - белгілі бір тақырыпта:

1) оқушылар топтаса отырып,шығармашылық жұмыс жасайды;

2) оқушылар сабаққа шынайы түрде белсене қатысады;

3) проблемаларды бірігіп талдап, шешу жолдарын іздестіреді;

4) пәнге деген қызығушылығы артады;

5)өз ой-пікірін толықтай дәлелдеп, оны өмірде, өз шығармашылығында пайдалана білуге үйренеді.

Тренинг сабақ бірнеше кезеңнен тұрады.

**1-кезең:** *Сергіту кезеңі.* Бұл кезеңде оқушылардың өткен тақырып бойынша білімдерін тексеруге дайындық сұрақтар қойылып, сабаққа жұмылдыру жүзеге асырылады.т І.Штоп

**2-кезең:** *Еске түсіру кезеңі.* Сұрақ-жауап түрінде өтіледі. Оқушылар топта бір-біріне білмегенін үйретіп, бірін-бірі оқытады, содан кейін жауап беруге ортадан өздері қалаған оқушыны шығарады.

**3-кезең:** *Өзін-өзі тексеру кезеңі.* Тесттік тапсырма. Тесттік тапсырма оқушыларға кесте, диктант, ашық, жабық, сәйкестендіру түрінде беріледі. (тесттік тапсырма компьютермен дайындалса,уақыт үнемделеді).

**4-кезең:** *Шығармашылық тапсырма.* Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті тексеріледі,олар ұсынылған тақырыпты тереңдете талдап, жауап береді,кесте,сурет арқылы көрсетуге болады.

**5-кезең:** *Шығармашлық тапсырмаларын өмірде пайдалану.*Күнделікті өмірде пайдаланудың тиімділігімен маңызын көрсететін мысалдармен нақты жауап беру. Өмірден мысалдар келтіру.

**6-кезең:***Саралау-бағалау.*оқушылар жұмысын бағалау,талдау.

Ж.А.Қараевтың «*Саралап,деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясын (СДО)*» және *«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту»* бағдарламасын ұштастыруға болады.Үй тапсырмасын тексеріп, жаңа сабақпен байланысты материалдарды пысықтап болғаннан кейін жаңа сабаққа деген мотивация тудыру қажет,онсыз жасаған жұмыстарымыздың көп мөлшері зая кетеді. Бұл кезеңде де оқушы жұппен немесе топпен өз тарапынан білетіндерін ортаға салып «*білемін*» немесе *«хабарсызбын»* деген мәселелерге ақпараттар алу үшін ізденеді.Сабақ басталмас бұрын оқушылар топтарға бөлінеді.Топпен жұмыс істеген кезде оқушылар сыпайы сөйлеуге, өзгенің пікірін тыңдауға,өз тұжырымын дәлелдеуге мүмкіндік алады.

Жаңа сабақты өз бетінше меңгеру немесе мағынаны тану кезеңінде түртіп оқу немесе инсерт стратегиясын пайдаланады.Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы бойынша оқулықпен жұмыс істеп,тақырыптан өзі білмеген мәліметтерді табады да, кестені толтырады.

| Таныс ақпарат | Жаңа ақпарат | Мен үшін түсініксіз |
|---|---|---|
| | | |

Оқушылар жаңа тақырыпты оқып отырған кезде, мұғалім үй тапсырмасын тексеріп немесе жеке оқушымен жұмыс істей алады. Әр топ кестені толтырып сұрақтарын мұғалімге қояды.

*3-кезең:* Кері байланыс кезеңі — оқушылар алған білімдерін үлгі бойынша қайталап беру (1-деңгей) және тереңдетіп тақырыпты «толық меңгеруге» арналған тапсырмаларды орындау барысында бағаланады.

Бұл сабақтың нәтижесі:

1.Оқушының сабаққа ынтасының артуы
2.Білім-біліктің қалыптасуы
3.Ізденіс жұмыспен айналысуы
4.Өз ойын тұжырымдай білуі
5.Бір-бірімен қарым-қатынастың дамуы, тыңдай білу
6.Ойын айта білу, дәлелдеу
7.Өзіндік жеке көзқарасының болуы, оны қорғай білу.

**Деңгейлік тапсырмалар -** Әркім қабілетіне карай өздігінен орындайды, алған білімдерін іс-жүзінде қолданады. Оқушының әр тақырып бойынша жинаған ұпайын санап, оның жетістігін бағалауға мүмкіндік туады,ал мониторинг – тараудағы әр тақырыпты оқушының қаншалықты меңгергенін көрсетеді. Бұл жағдайда бақылау жазалау емес, өз бетімен жұмыс істеуге, табысқа жетуге жетелейтін дамыта оқытуды жүзеге асыру тәсілі болып табылады. Ең төменгі деңгейдегі білім көрсеткіші үшін *«есептеледі»* немесе *«есептелмейді»* деген баға алынады. Есептелмесе,оқушы тапсырманы қайталап орындайды.Төменгі 1 деңгейлік тапсырмаларды орындаған оқушы өз шамасына қарай келесі деңгейлердің нәтижесіне жетіп, жоғары баға ала алады.

Екі технология интеграциялау барысында:

1. Бала өзін-өзі дамытуына білімінің жеткіліксіз екенін сезініп, білімінің қажеттілігіне деген қызығушылығы артады.
2. Тақырыпты өз бетімен меңгеру кезінде, оқушы сол материалдағы ұғымдарды,фактілерді есте сақтап,қайта айтып бере алады. Оқушының өз бетімен танымды қызмет жасауы оқу материалының қажетті минимум деңгейін меңгеруіне жағдай жасайды.
3. Түсіну деңгейінде кестені толтырып,өзінің алғашқы болжауы арқылы жазған қорытындысымен салыстыра алады және нені үйренгенін, жіберген қатесін көреді, талдау жасайды. Түсінген оқушы мұғалімнің берген тапсырмаларын өз бетінше орындай алады.

4. Барлық оқушы өз деңгейінде жұмыс істейді, *«Субъект-субъект»* қатынасы жағдайында өтіп, оқушы да белсене қызмет жасайды.
5. Оқу процесінде оқушының денсаулығына зиян келмейді, оқушы жалықпайды, «екі» аламын деп алаңдамайды, сыныпта орындай алмаған тапсырмасын үйде дайындала отырып, орындауына мүмкіндігі бар.
6. Оқу процесінің жарыс түрінде өткізілуі бағалаудың жетелеушілігін арттырады.

Сын тұрғысынан ойлау сабағына мысал ретінде **«Жорғалаушылардың тіршілік әрекеті, құрылысы», «Қосмекенділердің тіршілік әрекеті, құрылысы»** тақырыптарында өтілген сабақ үлгісімен танысыңыздар.

## Сабақтың тақырыбы: Жорғалаушылардың дене құрылысы және тіршілік әрекеттері.

**Сабақтың мақсаты:** 1. Жорғалаушылардың тіршілік әрекеті және сыртқы құрылысына зерттеу жұмысын жүргізу.
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дискуссия, салыстыру, өздік жұмысы арқылы дамыту.
3. Топқа бөлу арқылы бір-біріне көмектесуге тура жауап беруге қалыптастыру.

**Сабақтың міндеті:** - жорғалаушылардың - тіршілік әрекеті, ішкі, сыртқы құрылысымен таныстыру
- зерттеу жұмысын жүргізу
- түрлі жұмыс істеу дағдыларын дамыту

**Сабақтың көрнекілігі:** жорғалаушының қаңқасы, ылғал препарат, суреттер, тірі объект, тренажер, кестелер, камертон, жарық көзі.

**Сабақтың әдісі:** Сын тұрғысынан ойлау, зерттеу әдісі

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| І.Ұйымдастыру кезеңдері | Сабақтың негізгі мақсатымен таныстыру, оқушылардың жұмысқа дайындығын ұйымдастыру, топтарға бөлу. | Топтарға бөлініп, көрнекіліктерін дайындау |
| ІІ. Үй тапсырмасын сұрау, дәлелдеу | Жорғалаушылардың отрядтары жайлы білімдерін тексеру. | Топтастыру әдісімен жауап беру |
| ІІІ. Зерттеу жұмысына даярлық деңгейін тексеру | Карточкалар парта бетінде жатады, мәтінді оқып, таныс, таныс емесін білу. | «+» – таныс мәлімет<br>«!» – жаңа мәлімет<br>«?» – сұрақ болады |

| | | |
|---|---|---|
| ІУ. Жаңа тақырып.<br>1. Кубизм әдісі<br>а) Зерттеу жұмысы | Кесірткенің тіршілік әрекеті, ішкі және сыртқы құрылысына зерттеу жұмысын орындату. | 1. Зерттейтін объектіні мән бере отырып, қадағалау.<br>2. Тез арада тұжырымдау. |
| ә) Салыстыру | Оқушыларға қосмекенділер мен жорғалаушылардың айырмашылығына тапсырма беру. | Қосмекенділер мен жорғалаушылардың айырмашылығына тренажерлік тапсырма орындау. |
| б) Мағынаны ажырату сатысы | Кесте тарату | Оқушылардың тақырыпты түсінгені не түсінбегені туралы мәлімет алу. |
| 2. Ой толғаныс | Жорғалаушылардың пайда зияны жайлы екі жақты пікірсайыстың аргументімен таныстыру. | Топтар пікірсайысқа шығады. |
| 3. РАФТ әдісі | Р-рөл, мұғалім рөл ретінде тақырыпты айтады. | Әр топ өз тапсырмасын орындайды. |
| У. Бекіту<br>Танымдық тапсырмалар | Бағалау | Әр топ өз тапсырмасын орындайды. |

**І. Ұйымдастыру кезеңі**

**ІІ. Үй тапсырмасын сұрау.**



**Крокодилдер**

**Крокодилдер**

- тіршілік орны: **Тропиктік елдерде**
- кобеюі: **Жұмыртқа салады**
- ерекшелігі: **Терісі қымбат, жүрегі төрт бөлікті, тісі көп, қауіпті**
- өкілі: **Крокодил, гавиал, қолтырауын**

**Тасбақалар**

**Тасбақалар**

- тіршілік орны: **Теңіздерде, құрлықта**
- көбеюі: **Жылына жұмыртқаны бір-екі рет салады**
- ерекшелігі: **Төрт саусақты сауыты болады, көп өмірі ұйқымен өтеді**
- өкілі: **Дала тасбақа, батпақ тасбақа, теніз тасбақасы**

**Қабыршақтылар**

**Қабыршақтылар**

- тіршілік орны: **Кез келген жерде, жыланның бізде төрт түрі улы**
- құбылғы: **Мадагаскар, Африкада, терісі құбылып тұрады. Тілін ұзартып қоректенеді**
- кесірткелер: **Бізде 30 түрі бар, регенерация, сарлан, келес, сұр кесіртке, агама, ұршықсап, игуана, батбат жармасқы,құбылғы**
- **Бізде 19 түрі бар, улы тісті, қара жылан, сұр жылан, қалқан тұмсық, кең алқым, сарыбас жылан, оқ жылан абжылан**

**III. Зерттеу жұмысына даярлық. Мұғалім:** Сендер өздеріңді қоршап тұрған табиғаттың кей өкілдеріне мән беріп көрдіңдер ме? Алдыдан жорғалай өткен кесіртке, жылан тек қорқыныш сезімін туғызған мен олардың тіршілік әрекетіне мән бермейміз. Бүгін сендерді зерттеу жұмысына шақырамын. Топқа бөлінейік.

І-топ. Балықтар тобы.
ІІ-топ. Амфибиялар тобы.
ІІІ-топ. Рептилиялар тобы.
Стол үстінде карточка жатады.
Оқушы мәтінмен таныс, таныс емесі жайлы белгі соғады.
«+» – таныс мәлімет
«!» – жаңа мәлімет
«?» – сұрақ болады

| № | Мәтіні | Белгі |
|---|---|---|
| 1. | Жорғалаушылардың 8 мың түрі нағыз құрлықта өмір сүреді. | |
| 2. | 4 отряды бар: тұмсықбасты, қабыршақты, тасбақа, крокодил | |
| 3. | Терісі мүйізді, қабыршақ, қалқаншалармен, сауытпен қапталған | |
| 4. | Көбісі жұмыртқа салады, тірідей туатын түрі де кездеседі. | |
| 5. | Жүрегі 3 қуысты, қолтырауын 4 қуысты | |
| 6. | Миы 5 бөлімнен тұрады. | |
| 7. | Тыныс алуы, танау-жұтқыншақ-көмекей-кеңірдек-ауа тамыр | |
| 8. | Бүйрек-несеп ағар-қуық-клоака | |
| 9. | Ішкі, ортаңғы құлақ | |
| 10. | Алғаш кеуде қуысы пайда болған | |

**ІУ. Жаңа сабақ.**

1. **Кубизм**

**а) Зерттеу.** І-топ. Тірі объект және жорғалаушының қаңқасы арқылы зерттеу жұмысын жүргізеді.

Зерттеу карточкасы.

**1-топтың тапсырмасы.**

Кесірткенің сыртқы құрылысы:

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Дене тұрқы, бөлімі | |
| 2. | Тері жамылғысы | |
| 3. | Бас бөлімінде орналасқан | |
| 4. | Алдыңғы, артқы аяқтары | |
| 5. | Иық белдеуі | |
| 6. | Омыртқа бөлімдері | |

**2-топтың тапсырмасы.**

Кесірткенің ішкі құрылысын зерттеу үшін ылғал препараттан мүшелерін анықтап көру. Кестені толтыру.

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Ас қорыту мүшелері | |
| 2. | Қан айналу мүшелері | |
| 3. | Тыныс алу мүшелері | |
| 4. | Зәр шығару мүшелері | |
| 5. | Жүйке жүйесі | |
| 6. | Жыныс мүшелері | |

**3-топтың тапсырмасы.**

| р/с | Бақылау | не байқадың? |
|---|---|---|
| 1. | а) Кесірткенің тыныс алу ерекшелігі: Кесіртке қалай дем алады, 1 минутта бұлшық ет қалай жиырылады?<br>ә) Қоректену ерекшелігі: Тамақтандыру (бунакденелілермен) | |
| 2. | Зат жақындағандағы реакциялар:<br>а) арқасынан түрту<br>ә) құйрығын қысып ұстау<br>б) дыбысқа реакциясы (камертонмен дыбыс шығару) | |

3 топтың зерттеу жұмыстарының нәтижесін, қорытындысын тыңдау.

ә) Салыстыру. Оқушылар тренажерлік тапсырма орындайды. Қосмекенділер және жорғалаушыларға тән белгілерді кестеге толтырады.

| | |
|---|---|
| 1. Өкілдері: | 1.1. Кесіртке<br>1.2. Бақа |
| 2. Денесі: | 2.1. бас, тұлға, бес саусақ, төрт аяқ<br>2.2. бас, мойын, тұлға, бес саусақ, аяқтар, құйрық |
| 3. Тіршілік ортасы: | 3.1. Суда, құрлықта<br>3.2. Құрлықта |
| 4. Дене жабыны: | 4.1. Терісі қабыршақты<br>4.2. Терісі жұқа, безді |
| 5. Қаңқасы: | 5.1. Бес бөлімнен тұрады |

| | |
|---|---|
| | 5.2. Төрт бөлімнен тұрады |
| 6. Ас қорыту мүшесі: | 6.1. Ауыз – өңеш – қарын – ас ішек – тоқ ішек – тік ішек – клоака |
| 7. Қан айналымы: | 7.1. Жүрегі үш қуысты (денеде аралас қан тарайды)<br>7.2. Жүрегі үш қуысты (денеде артерия қаны көбірек тарайды) |
| 8. Тыныс алу: | 8.1. Өкпе арқылы<br>8.2. Терісі, өкпесі арқылы |
| 9. Жүйке жүйесі: | 9.1. Мишығы жақсы жетілген<br>9.2. Мишығы жақсы жетілмеген |
| 10. Көбеюі: | 10.1. Тек сырттай ұрықтанады<br>10.2. Іштей ұрықтанады |
| 11. Сезім мүшесі: | 11.1. Жақсы жетілген<br>11.2. Иіс сезу, дәм сезу нашар жетілген |

**Кілті**

| р/с / класы | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қосмекенді | 2 | 1 | 1 | 2 | 2 | 1 | 1 | 2 | 2 | 1 | 2 |
| Жорғалаушы | 1 | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 2 | 1 |

**б) Мағынаны ажырату.**

| «V» - білемін | «+» - жаңа мәлімет | «–» - білмеймін | «?» - сұрақ туады |
|---|---|---|---|
| | | | |

**2. Ой-толғаныс**. Дебат – жорғалаушылардың пайда, зияны.

**1-топ. Жақтаушы топ** 2 аргумент белгілейді.

1. Жылы-жылы сөйлесең жылан да інінен шығады.
2. Жатқан жыланның құйрығын баспа

Дәлелдеме:

1. Шағу-қорғану іс-әрекеті, өздігінен тиіспейді
2. Жыланның уы дәрі:

а) випросал – құяң, полиартрит ауруына ем.

ә) лебетокса – қан тоқтатады.

б) кобротоксин – ентікпе, жүрек ауруларына ем.

Ең улы жылан гюрзаны желкесін қысып алғанда 200 мг у шығады. Одан 2 мыңнан аса өте бағалы випросала дәрісін жасайды.

3. Жорғалаушылар зиянды жәндіктерді жеп құртады.

жылан – 1000-дай шегірткені құртады.

4. Тұрмыста:

а) крокодил, жылан терілерінен етік, чемодан, сумка тігіледі.

ә) олар күзетші қызметін атқарады.

б) тағам ретінде пайдаланылады.

г) спорт ойыны, циркке үйретіледі.

ж) коректік дәрежесімен басты роль атқарады.

**2-топ. Контррезолюция**: Жорғалаушылар экологиялық топқа жатпайды.

2 аргумент: 1. Жыланның уы тісінде
2. Жыланның түсі суық
Әбиір алмайсыз қуып
3. Жыланның уы басында
Бейқамның жауы қасында

**Мәлімдеме:**

Улы жыландар адам өміріне ғана емес, пайдалы жануарларға да қауіп туғызады. Деректер.

а) Жер бетінде жылына жарты млн. адамды жылан шағады, оның бірнеше мыңы өледі.

ә) Оңтүстік Шығыс Азияда жылына 1,5 мың адам жылан уынан қайтыс болады.

б) Кобра уынан 25 итті, 60 ат пен 300-дей кептерді өлтіруге болады.

г) Қара мойын жылан уын көзге атып, көруден қалдырады.

д) Крокодилдер адамға шауып, өміріне қатер төндіреді.

з) Жыландар пайдалы құстардың балапанын жеп, ұясын бұзады.

к) Тасбақалар жайылым шөптерді, бақшаларды құртады, үй каналдардың астын қопарады.

л) Жыландар түстері суық, жүрек ауруларын тудырады, балықтардың шабақтарын құртады.

3-топ. Дебатқа сараптама беріп, жорғалаушылар жайлы қосымша мағлұматтар береді.

3. **РАФТ** әдісі мұғалімнің берген тақырыбы бойынша әр топ өз тапсырмасын орындайды.

## Тақырып: Экология.

**І-топ. Балықтар** – аудитория, тақырыпқа сипаттама береді. Рептилиялардың экологиялық топтары, Қызыл кітапқа ену себебі жайлы сөз етеді.

**ІІ-топ. Амфибиялар** – форма. Жорғалаушылардың тіршілік әрекеті, маңызы.

Осы тақырыпты көрініс арқылы бейнелеп, көрсетеді.

**ІІІ-топ. Рептилиялар** – тақырыпты қорыту.

Көріністі экологиялық тұрғыдан дәлелдеп, мағынасын ашып береді.

**У. Бекіту.** Танымдық тапсырмалар. Сызба диктант.

Сұрақтары.

1. Иық белдеуі жауырын, қарға сүйегінен тұрады.
2. Омыртқа жотасы 5 бөлімнен тұрады.
3. Жорғалаушылардың иіс, дәм көру сезімі жақсы дамымаған
4. Кесірткеде кеуде қуысы жоқ.
5. Ортаңғы ми көру жүйесін басқарады.

6. Жорғалаушылардың арғы тегі қосмекенді.
7. Ортан жілік аяқ сүйектеріне жатады.
8. Крокодилдің жүрегі төрт бөліктен тұрады.
9. Үлкен қан айналу шеңбері оң жақ құлақшаға құяды.
10. Үлкен қан айналу шеңбері сол жақ құлақшаға құяды.
11. Сопақша ми қимыл әрекетін басқарады.
12. Мишық қимыл әрекетін басқарады.
13. Жорғалаушыларда үшінші қабақ көзді қорғап тұрмайды.

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| + | + | - | - | + | - | + | + | + | - | - | + | - |

**Кілті:**
1 2 5 7 8 9 12

2. Орын тап. Магнитті тақтада. Ретсіз орналасқан ас қорыту мүшелері, ми бөлімдерін реттеп, орналастыру керек.

ҮІ. Үйге тапсырма. §54. Жұмыс дәптерін толтыру.

## *Сабақтың тақырыбы:*
## *«Қосмекенділердің құрылысы, тіршілігі, көбеюі.*

*Сабақтың мақсаты:* Бақаның тіршілік әрекетін зерттеу.
*Сабақтың міндеті:*
-Амфибия класының өкілін оқушыларға жете таныстыру.
-Бақаның құрлысы, ерекшелігін оқып үйрену.
-Тіршілік әрекетіне зерттеу жүргізу.
-Түрлі қосымша жаңалықтар арқылы қосмекенді жайлы білімді дамыту.

*Көрнекілігі:* Қаңқа "Бақа", карточка, тірі бақа, ылғал препарат, Комертон, сағат, ағаш таяқша, моншақ, жауын құрт.

*Сабақ барысы:* Мұғалім: Айналадағы қоршаған тірі табиғатпен жете таныса білмейміз. Бүгін сол табиғаттың бір бөлшегі бақамен танысамыз, зерттейміз. Жұмысты парта үстіндегі карточкадағы тапсырманы орындаудан бастаймыз. Мәтін:

танып болса+
жаңа хабар !
сұрақ туады ?

| р/с | Мәтіні | Белгісі |
|---|---|---|
| 1. | Үш мың түрі белгілі н/е амфибия-омыртқалы жануар,350-млн жыл бұрын ата-тегі құрлыққа шыққан. | |
| 2. | 3 отряды бар: құйрықты(тритон, саламандра,) құйрықсыз (бақа), аяқсыз(құртжылан) | |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Терісі безді, ылғалды, жалаңаш. | |
| 4. | Уылдырық шашып, сырттай ұрықтанады. | |
| 5. | Жүрегі 3 куысты, аралас қан. | |
| 6. | миы 5 бөлімнен тұрады. | |
| 7. | Өкпе қапшығы, тері арқылы тыныс алады | |
| 8. | Зәр шығару жүйесі: бүйрек-несепағар-куық -клоака | |
| 9. | Ішкі, ортаңғы құлақ арқылы есту жүзеге асады | |

-Осы хабар таныс па? Жаңа түсінік алдың ба?

**І тапсырма** Бақаның қаңқасымен танысайық. Бақаның қаңқасына зерттеу жұмысын жүргізу

1.Денесі: сүйір, тең қозғалады.

2.Терісі: Безге бай, бактерияны өлтіреді, кейде улы.

3. Денесі: бас, тұлға, көкірек.

4.Басында орналасады: Көз, танау тесігі, құлақ, жарғақты, ауыз.

5. Иық белдеуі:жауырын,бұғана,тоқпан жілік,кәрі жілік,алақан және саусақ сүйектері;жамбас белдеуі:ортан жілік,асықты жілік,табан.

6. Бақаның белсенділігі:

**ІІ тапсырма** 2-топтың жеке тапсырмасы.

| Рет саны | Бақылау | Не байқадың? |
|---|---|---|
| 1. | Тыныс алу ерекшелігі.<br>-суданбір минутта неше рет ауаға шығатынын бақылау.<br>-Суды біртіндеп толтыру. | |
| 2. | Тамақтану әдісін бақылау.<br>Тамақ беру. | |

**ІІІ тапсырма** 3-топтың жеке тапсырмасы.

| Рет саны | Бақылау | Не байқадың? |
|---|---|---|
| N.1 | Дыбыс реакциясы<br>1) камертонмен мазалау реакциясы<br>2) Тамақтану әдісі.<br>3) Тамақтандыру. | |

| | | |
|---|---|---|
| N.2 | 1) Моншақ реакциясы.<br>2) Моншақты аквариумге тастау реакциясы.<br>Тамақтандыру. | |

Әр топтың бақылау нәтижесін тыңдау.
Төмендегі карточканы толтыру.

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Дене тұркы, бөлімі. | |
| 2. | Тері жамылғы. | |
| 3. | Бас бөлімінде орналасқан. | |
| 4. | Алдыңғы, артқы аяқ. | |
| 5. | Иық белдеуі. | |
| 6. | Омыртқа бөлімдері. | |

2 –тапсырма.

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Ас қорыту жүйесі. | |
| 2. | Зәр шығаруы жүйесі. | |
| 3. | Қан айналу мүшелері. | |
| 4. | Тыныс алу. | |
| 5. | Жүйке жүйесі | |
| 6. | Жыныс мүшелері. | |

**III. Үй тапсырмасын сұрау:** 1.Венн диаграммасы арқылы балық пен бақаның құрылысындағы айырмашылықты тауып карточканы толтырғызу

| Оқушының аты-жөні |
|---|



| р/с | Венн диаграммасының сұрақтары |
|---|---|
| 1 | Дене бөлімі: бас, тұлға, құйрық. |
| 2 | Дене бөлімі: бас, тұлға, аяқтар, құйрық. |
| 3 | Тіршілік ортасы: су. |
| 4 | Тіршілік ортасы: су,құрлық. |
| 5 | Терісі қабыршақты. |
| 6 | Терісі жұқа безді. |
| 7 | Қаңқасы 3 бөлімнен тұрады. |
| 8 | Қаңқасы 4 бөлімнен тұрады. |
| 9 | Ас қорыту: ауыз-өңеш-қарын-ішек-клоака- |
| 10 | Ас қорыту: ауыз-өңеш-қарын-ішек-аналь- |
| 11 | Жүрегі 3 қуысты. |
| 12 | Жүрегі 2 қуысты. |
| 13 | Желбезекпен тыныс алады. |
| 14 | Терісі, өкпесімен тыныс алады. |
| 15 | Мишығы жақсы жетілген |
| 16 | Мишығы жақсы жетілмеген |

**2. Қозғау сұрақтарына жауап алу.**

**Үйге тапсырма: Қосмекенділердің ішкі және сыртқы құрылысы.**

Сабақта ойын элементтерін тиімді пайдалану, оқушылардын белсенділігін арттырудың ең бір қолайлы сәті.Кейде ойын түрінде өтілген сабақ қайталаудың ең бір жеңіл, әрі оқушы білімін тез арада түгел тексеретіндей мүмкіндік бере алады.

Мысалы: **Бизнес сабағы** осы түрде өтілген сабақ,мұнда оқушылар білімі жетон арқылы тексеріледі. Сабақта **«бумеранг»**, **«эрудит»**, **«сандар сөйлейді»**, **«ойды аяқта»**,**«қатесін тап»** бөлімдер арқылы білім бағаланады. Төмендегі **«Шығару өнімдері»** бизнес сабағы білімді қайтлауға арналған.

## ***Сабақтың тақырыбы:*** Шығару өнімдері тарауын қайталау.

***Мақсаты:***

1) Оқушылардың шығару өнімдері жайлы білімдерін қорытындылау.
2) Өздік жұмысының дағдысын дамыту.
3) Эстетикалық тәрбие беру.

***Түрі:*** Бизнес сабағы.

***Сабақтың барысы:***

I. Ұйымдастыру.
II. Қайталау.

Мұғалім: Бүгін балалар бизнес сабағы, біздің бағамымыз жетонмен бағаланады.Сабақ бірнеше кезеңнен тұрады.

1 кезең. "Кім жылдам"

Конвертте биологиялық есептер беріледі.2 минут ішінде қанша есеп шығарылады. Әр есепке бір жетоннан беріледі.

*1-топтың тапсырмасы.*

1. 54 адамнан бөлінетін бір күндік зәр мөлшері кандай.
2. Адам өмірінің негізгі кезеңдері
3. Көктемде бетте актаңлақ қаптап кетеді, себебі не?
4. Бүйрек ауырғанын қалай білеміз?Қаралу жолы?
5. Әйелдін терісінің ер адам терісінен айырмасы неде? Қалыңдығы қанша?

*2-топтың тапсырмасы.*

1. 25 адамның бүйрегінің жалпы салмағы канша?
2. Бүйректегі алғашқы несептің мөлшері, құрамы канша?
3.Адамнын терісінің кейбір жері ағарып тұр, себебі не?Алапес деген осы ма?
4.20 адамнан күніне канша шаш түседі?
5.Теміреткі,котырдың бір-бірінен айырмашылығы неде?

*3-топтың тапсырмасы.*

1.15 нәрестенің салмағы канша?
2. Жеті ата туралы не білесің? Маңызы?
3.Қызға кырық үйден тыю деген сөздің мағынасын аша білесің бе?
4. 100 адамның жыныс жасушасының саны канша болады?
5.Тәулігіне теріден 11мың к.д.ж. энергия бөлінеді?30 адамнан тәулігіне неше жылу бөлінеді.

**2 - кезең.”Ойды аяқта”**Әр топтан 1оқушы ғана шығады.2-минут ішінде сұраққа жауап беруі керек. Жауап берсе, жауабы жетонмен есептелінеді.

**Оқушыларға қойылатын сұрақтар төмендегідей:**

1.Ұзақ өмір жасаушыларды зерттейтін......
2.Бүйрекке әсер ететін бездің гормоны....
3.Бүйрек жұмысын зерттейтін жүйке орталығы....
4.Сыртқы қабаттың аты...
5.Жыныс бездері...
6.Көбею,ол-....
7.Терінің дерма қабатын түзетін ұлпа...
8.Бүйректің ішкі қабаты....
9.Баста, бетте көп кездесетін без...
10.Тері түгі,тырнақ пайда болатын қабаттың аты....
11.Тері-....
12.Дерманың эпидермиске жанасқан қабаты....
13. Дерманың торлы қабаты...
14. Бүйректің қызметі....
15.Ыдырау өнімін шығаратын мүшелер....
16. Қуықтың қабырғасы ....
17.Бүйректен кейін орналасқан мүше....

18. Бүйрекке зәр түзілу кезеңдері....
19.Терінің сыртқы қабаты...
20.Бүйректің құрылымдық және қызметтік бірлігі...
21.Зәр шығару жүйесі...
22. Қуық...
23.Терінің ортаңғы қабаты...
24.Терідегі дәрумен...
25.Бірінші реттік зәрдің құрамы ұқсас....
26.Терінің ішкі қабаты...
27.Эпидермистің қабаттары...
28.Тері безі орналасады..
29.Кенеден тарайтын тері ауруы...
30.Паразитті саңыраукұлақтан тарайтын тері ауруы...
31.Сперматозоид пен жұмыртқа жасушасының қосылуы...
32.Туғаннан тіршілігі тоқтағанға дейінгі кезең...
33.Жатырда ұрықтың анасымен байланысатын мүшесі...
34.Жасөспірім кезең....
35.Бойжеткен кезен...
36.Бозбала кезең...
37.Шақалак...
38.Жыныс бездері жатады....
39. Бүйректің пішіні...
40.Бүйректің қызметі..
41.Бүйректен тәулігіне ағып өтетін қан...
42. Қуықтың сыйымдылығы...
43.Түнде зәр тоқтамау...
44.Зәрдің сарғыш түсті болуы...
45.Бүйректің ең қауіпті ауыруы.

**3- кезең "Эрудит."**

Терминдерді табу үшін қарызға жетон алынады.Жауап дұрыс болса жетонды қайтармайды,қате болса қйтарады.

**1.Уремия** -(зәрліқан ауруы)
**2.Нефрит**-(бүйректің қауіпті ауруы)
**3. уролитиаз**-(бүйрек тасы)
**4.Цистит**-(қуықтың қабынуы)
**5.вазопрессин**-(гипофиздің артқы бөлімінен бөлінетін гормон)
**6.Абсорбция**-(сүзілу)
**7.Уролог**-(бүйрек ауруын емдейтін дәрігер)
**8.Дерматолог**-(тері ауруын емдейтін дәрігер)
**9.Гиподерма**-(тері асты шер қабаты)
**10.Дерма**-(нағыз тері)
**11.Эмбриология**-(ұрық дамуын зерттейтін ғылым)
**12.Эпидермис**-(терінің сырткы қабаты)
**13.Гинекология**-(аналық жыныс мүшелері ауруларын емдейтін дәрігер)

**14.Гемодиализ**-(жасанды бүйрек аппараты)

**15.Ренин**-(бүйректің қанға бөлетін,нәтижесінде қан қысымы көтерілетін зат)

**16.Нефрон**-(бүйректің құрылымдық бірлігі)

<u>4-кезең. *"Бумеранг."*</u>

2-топ бір-біріне үш-үштен сұрақ қояды.Жауап берсе жетон беріледі, бермесе сұрақ қоюшы жетонды өзіне қайтарып алады.

*<u>5-кезең. "Қатесін тап."</u>*

Мәтін бойынша қате жіберіп әр топ бір-біріне тапсырма береді.Бір қате бір жетон.

*<u>6-кезең."Сандар сөйлейді." 3-слайд</u>*

*<u>Тек сандар беріледі,оқушылар жауабын табады</u>*

| | |
|---|---|
| **1. 96 пайыз** | (зәр құрамындағы су) |
| **2. 1700-1800мл** | (тәулігіне бүйректен өтетін қан) |
| **3. 10л-1л** | (әрбір 10литрден 1литр 1реттік зәр түзіледі) |
| **4. 1,5л** | (екі реттік зәр) |
| **5. 3,5 см** | (әйелдің зәр шығару өзегі) |
| **6.18 см** | (ер адам зәр шығару түтігі) |
| **7.25-30см** | (несеп ағар ұзындығы) |
| **8.1млн** | (нефрон) |
| **9.6-8мм** | (несепағар диаметрі) |
| **10. 15-20** | (аталық без салмағы) |
| **11.8-9** | (кіші тостағанша саны) |
| **12.2-3мм** | (сперматозойд минутына қозғалады) |
| **13.1-2** | (дерма қабаты қалыңдығы) |
| **14. 75 пайыз** | (бүйрек арқылы керексіз зат бөлінеді) |
| **15. 80 пайыз** | |
| **16. 2,5 пайыз** | (зәр құрамындағы органикалық зат) |
| **17.500 мл** | (қуықтағы сиымдылық) |
| **18. 46** | ( адам денесіндегі хромосома саны) |
| **19. 23** | (жыныс жасушасындағы хромосома саны) |
| **20. 3** | (3 түрлі ұрық жапырақша) |

*<u>7- кезең." Суреттер сөйлейді"</u>*

Үй тапсырмасы бойынша командалар дайындаған суреттеріне әңгіме құрайды.

***Қорытынды ретінде командалардың жетондар саны есептелінеді. Көп жетон алғандар" бірінші дәрежелі магистр" атанады***

**Үйге тапсырма:** Шығару өнімдері тарауына сауалнама құру.

## Сабақтың тақырыбы: "Тері" тақырыбын қайталау сабағы.

**Сабақтың мақсаты:** 1. тері туралы алған білімдерін тексеру, жинақтау. 2. алған білімдерін іс жүзінде пайдалануға үйрету, ой-өрісін ғылыми тұрғыда дамыту. 3. Гигиеналық тәрбие беру.

**Көрнекілігі:** сызбанұсқа, кесте, суреттер

**Сабақтың әдісі:** тренинг.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру

II.Өткенді қайталау

**I кезең: сергіту сұрақтары**

1. Тері қандай мүше?
2. Тері қабаты нешеу?
3. Тері ұлпалары қандай
4. Терінің қандай мүйізденген түр өзгерістерін білесіңдер?
5. Шаш неге майланады?
6. Ұзын түк, қайратты түк, жұмсақ түк дегеніміз не?
7. Грекше тері қалай аталады?
8. Тері ауруының аты.
9. Күнге күйгенде терінің қай қабаты өзгереді?
10. Сау адаммен мас адамның қайыссысы суыққа тез тоңады, неге?
11. Саусақтан із немесе бедер алу.

**II. Кезең. Еске түсіру.**

**I топқа тапсырма**

1. Терінің құрылысы, қызметі. Сызбанұсқасын жазу, топтастыру.

**II топқа тапсырма**

1. Тері түзілістері, маңызы. Сызбанұсқа жазу, топтастыру

**III топқа тапсырма**

1. Терінің маңызы. Сызбанұсқа жазу, топтастыру

**III. Кезең. Өзін-өзі тексеру. Сауалнама**

**Тақтада:**

1. Эпидермис.
2. Дерма.
3. Гиподерма.
4. Тер бездері.
5. Май бездері
6. Шаш, түк.
7. Мүйізді қабат

**Мұғалім жауабын оқиды, оқушылар кілтін сандар арқылы белгілейді**

8. Өзегі терінің сыртына ашылады.
9. Өзегі түктердің түбіне ашылады.
10. Көпқабатты эпителий ұлпасынан тұрады.
11. Нағыз тері қабаты.
12. Тері түзілістері.
13. Эпидермистің сыртқы қабаты.

14.Дəнекер ұлпасынан тұратын майлы қабат.

**Кілті: 110, 211, 314, 48, 59, 612, 713.**

**IV. Кезең. Шығармашылық тапсырма. "Ой қозғау".**

**I топ тапсырмасы**

1. Тері аурулары (мұнда оқушылар тері аурулары туралы толық мағлұмат беруі керек).

**IIтоп тапсырмасы**

1. Тері, тері түзілістері жайлы қосымша хабарлама беру. "Сіз білесіз бе?"

**III топ тапсырмасы**

1. Терінің жарақаттануы, алғашқы көмек.

**V кезең: Шығармашылық тапсырманы өмірде пайдалану.**

**"миға шабуыл"**

**I топ тапсырмасы**

1."Қызым жеңіл киінгендіктен тұмаумен ауырып қалыпты" осы пікір дұрыс па?

2.Кімге қандай талап қойылады?

3.Қандай киім үлгісін білеміз? (альбом дайындау).

**II топ тапсырмасы**

1. "Шаш-адамның көркі" дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Шашты қалай жуу керек? Қалай кептіреміз?
3. Шашты жиі тарау керек дегенді калай түсінесіңдер?
4. Дұрыс тамақтану, дəрі пайдалану шашқа əсер ете ме?

**III топ тапсырмасы**

1. «Сұлулық –адамның өз қолында» дегенді қалай түсінесіз?
2. Косметика туралы қандай пікірдесіз?
3. Қандай фирмалармен байланыс жасағыңыз келеді?
4. Бет сұлулығында халық медицинасының орны

**Үйге тапсырма:** Сұлулыққа байланысты газет –журналдан материалдар қарау.

***Сабақта ойын элементтерін жарыс түрінде пайдаланудың маңызы өте зор.***

***Бұл жерде оқушылардың белсенділігі артады.***

## *Сабақ тақырыбы:* Өсімдіктанумен коштасу.

*Сабақтың мақсаты:* 1.Өсімдіктердің тіршілігі, жүйелері, түрлері, адам өмірі және табиғаттағы маңызы туралы білімді тереңдету.

2. Қосымша əдебиеттермен жұмыс істей отырып,ойлау қабілеті, еңбек ете білу дағдыларын дамыту.

3.Табиғатты сыйлауға өсімдіктерді қорғауға үйрету, экологиялық тəрбие беру.

*Корнекілігі:* суреттер, магнитті тақта, кітаптар көрмесі, кеппешөптер,

сауалнама, аннаграма,ребус.

***Сабақтың түрі:*** Мерекелік сабақ.

***Әдістері:*** сауалнама алу, ойын түрлері, байқау, зертханалық жұмыс.

***Сөздер:*** 1.«Дана көптен шығады ,дәрі шөптен шығады»
2.«Мың теңге тұратын дәрі дәл шарбағының түбінде өсіп тұр»
3.«Көп орманды –сыйла
Аз орманды –қима»

***Қолданылатын әдебиеттер:***


1. Б.Қалиев «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары», «Ана тілі» 1993 жыл.
2. Б.Қожабеков «Дәрілік өсімдіктер» Алматы 1985 жыл.
3. Т.Таубаев «Жасыл әлем ғажаптары» 1964 жыл
4. Р.Әлімқұлова. М.Тәртенова «Қызықты ботаника» Мектеп 1979 жыл
5. Д.И Трайпак. «Книга для чтения ботаники» М «Просвещение» 1985 год


***Сабақтың барысы:*** **I.** Ұйымдастыру .
**II.** Мұғалімнің кіріспе сөзі.
**III.** Сұрақтар.

1. Қандай ағаш жылуды көп береді? **(қайың)**
2. Музыкалық аспаптар қай ағаштан жасалады? **(шырша)**
3. Қағаз бен жасанды талшықты қай ағаштан алады? **(қарағай , шырша)**
4. Сіріңке қандай ағаштан жасалады? **(терек)**
5. Қандай өсімдіктен май аламыз? **(күнбағыс, мақта, зығыр)**
6. Қандай улы өсімдіктерді, саңырауқұлақты білеміз **(қаракүйе, жалған түбіртек)**
7. Тұңғыш Қазақстанда «Қызыл кітап» қай жылы шықты? **(1978 жыл)**
8. Жалаңаш тұқымдылардың жапырағы қалай аталады? **(қылқан)**
9. **Ең** жылдам өсетін өсімдіктер. **(бамбук)**
10. **Ең** үлкен жеміс **(асқабақ)**
11. **Ең** биік ағаш **(ротанк пальма)**
12. **Ең** жуан ағаш

**IY.**Ауылда өсетін 10 ағашты атаңдар.

**Y.** Ауылда өсетін 10 дәрілік өсімдікті атаңдар.
**YI.** Сауалнама (жабық) 1 3 2 2 3 4
**YII.** ***Жұмбақ***
1.Сымбатты сұлу –ақ
Ұзақ жыл сүреді
Жалаңаш тұқымды
Бәрі оны біледі.
Қылқаны қып-қысқа, 4 қырлы пішіні
Исіне тәнті ғып, мас етер кісіні
Көлеңке сүйетін қасиеті тағы бар
Жаңа жыл тойында төріңнен табылар **(шырша)**

2.Түрлерім менің көп-ақ
Әсерім сондай дөп-ақ
Суық тисе жүгіресің
Күтірлетіп жейсің кеп–ақ
Жарылған жер сүйелдерді
Жаза салам осы тез-ақ **(пияз)**

3. Құрылысын микроскоппен көріп еді
Жіп шумақ жасушасы көрінеді
Сопрофитті өмір сүрер бұл бір тобың
Дәрілер болып кейде беіледі.
Нан, жеміс,қидың үстін басып салып
Басқа тамақ іздеуге ерінеді. **(зең саңырауқұлағы)**

4.Саңырауқұлақ, балдыр бірігіп
Бактерия оған кірігіп
Үш ағзадан тұратын
Бұл өсімдік неткен нар!
Күй талғамай өсетін
«Пионер» деген аты бар.
Ластануды сезетін
Ерекше бойда заты бар **(қына)**

**ҮІІ**. «Кім зерек?»-тақтада жазылған сөзден, өсімдік атын табу: **қалақай, ботала, менер, бізсә, сақмыр, айбид, рақатқа, назық, зүміж, қабас, көкас.**

**ІХ.** Ребус шешу: **ер-..., қар-..., ..-мұрт, мең-....., ит- ....., түйе- ....., қыз-.., жүз-.., қаз-..., түйме-... .**

**Х.** Өсімдіктерге байланысты өлең оқу. **(шығармашылық)**

**ХІ.** Кеппешөптен өсімдіктерді анықтау, пайдасы.

**ХІІ.** Бұтақтан сыйлықты кесіп алып сұраққа жауап беру.

**ХІІІ.** Ең үздік кітап иесі танылады.

**ХІУ.** Ең үздік анаграмма құраушы

**ХУ.** Ең үздік сауалнама құраушы

**ХУІ.** Аш- шеш- же! пакеттен көкеністі алып, тұқымдасын тауып,сыйлық алады.

**«Көп жасушалы жануарлардың тыныс алуы»** тақырыбында сабақтың негізгі мақсаты әр түрлі ағзаға сәйкес тыныс алу мүшелері жайлы өздік жұмыстарын қалыптастыру, кітаптан жұмысты жүзеге асыру, тұжырымдауға үйрету **бағдарламалы карта сабағының** жемісі. Сабақ төмендегі бөлімдерден тұрады.

**І.Сұрақ-жауап.**

1. §38 не жайлы сөз етеді?
2. Газ алмасу дегеніміз не?
3. Адам бір минутта канша тыныс алады?

4. Аэробты ағзалар дегеніміз не?
5. Анэробты тыныс алатын ағзалар дегеніміз не?
6. Гидраның тыныс алуы қалай жүзеге асады?
7. Шұбалшаңның тыныс алу мүшесі?
8. Тоспа ұлуының тыныс алуына қандай мүше қатысады?
9. Айқұлақтың тыныс алу мүшесі?
10. Төменгі саңылау дегеніміз не?
11. Жоғарғы саңылау дегеніміз не?
12. Шаршылы өрмекшінің тыныс алуы
13. Өрмекшінің құрсағында не орналасқан?
14. Қи қоңыздың тыныс алу мүшесі
15. Логикалық сызбанұсқаны толтырыңыз.

**Тыныс алу мүшелері**




**II. Кілті.**

1. Көп жасушалы жануарлардың тыныс алу мүшелері жайлы
2. Тірі ағзалардың тыныс алуы
3. Адам бір минутта 15-18 рет тыныс алады
4. Оттегін сіміріп, көмірқышқыл газын сыртқа шығаратын ағзаларды айтады.
5. Оттексіз тыныс алатын ағзалар.
6. Тыныс алу мүшесі жоқ, суда еріген отттегін бүкіл денесімен сіңіреді.
7. Сыртқы тері жабыны арқылы жүзеге асады
8. Шапанша қалтасында оттегі қанға сіңеді.
9. Суда еріген оттегі «желбезек» арқылы қанға сіңеді.

10.Су кіретін сифон
11.Су шығаратын сифон
12.Қос өкпе-ауа қапшығы арқылы жүреді
13.Тыныс саңылауында ашылатын екі шумақ демтүтік
14.Хитинді демтүтіктер.

**Тыныс алу мүшелері**




**III.Сауалнамамен сабақтан алған білімдерін тексеру.**

**1.** Шұбалшаңның тыныс алу мүшесі
1) бүкіл денесімен
2) тері жабынымен
3) «желбезек»
4) ауа қапшығы

**2.** Гидраның тыныс алу мүшесі
1) демтүтік
2) бүкіл денесімен
3) ауа қапшығы
4) «желбезек»

**3.**Қоңыздың тыныс алу мүшесі.
1)шапанша қалтасы
2) өкпе
3) демтүтік
4)ауа қапшығы

4.Тоспа ұлудың тыныс алу мүшесі

1) ауа қапшығы

2)демтүтік

3) «желбезек»

4) шапанша қалтасы

5.Өрмекшінің тыныс алу мүшесі

1) демтүтік

2)демтүтік , ауа қапшығы

3) «желбезек»

4) тері жабыны

6.Айқұлақтың тыныс алу мүшесі.

1) демтүтік

2) ауа қапшығы

3) «желбезек»

4) тері жабыны

**Кілті:2,2,3,4,2,3.**

б) Тексеруді басқаша әдіспен де, жүргізуге болады.

Карточкаға кесте сызып, слайд арқылы берілген **алты** жауапты кестеге сандармен толтырады. **Мысалы:**

1.Тері жабыны

2.Шапанша қалтасы

3.демтүтік

4.желбезек

5.ауа қапшық ,демтүтік

6.бүкіл денесімен

**Жауабы:**

| **коңыз** | **шұбалшаң** | **гидра** | **өрмекші** | **айқұлақ** | **тоспа ұлу** |
|---|---|---|---|---|---|
| *3* | *1* | *6* | *5* | *4* | *2* |

Оқушылардың өздік жұмыстарын қалыптастыруды түрлі әдістермен жүзеге асыруға болады, ол ұстаздың шығармашылығына байланысты.

г) Сәйкестендіру тесті карточкасымен де жалпы білімін тексеруге болады.

| р/с | аты | Сәйкестендіруге арналған бөлім | р/с | аты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | гидра | | 7. | желбезек |
| 2 | шұбалшаң | | 8. | демтүтік |
| 3 | тоспа ұлу | | 9. | бүкіл денесімен |
| 4 | айқұлақ | | 10. | ауа қапшығы |
| 5 | шаршылы өрмекші | | 11. | тері жабыны |
| 6 | қоңыздар | | 12. | шапанша қалтасы |

**Кілті: 19,211,312,47,510,68.**

***Тоспа ұлуын зерттеу жұмысының карточкасы.***

**1-тапсырма.**

| р/с | **Сыртқы құрлысы** | **Бақылау нәтижесі** |
|---|---|---|
| 1 | Дене пішіні, бөліктері | |
| 2 | Бақалшақтың пішіні мен денедегі орны | |
| 3 | Жылжып қозғалғандағы өзгерістер | |

**2-тапсырма.**

| р/с | **Қозғалуы, бағдарлау, сезім.** | **Бақылау нәтижесі** |
|---|---|---|
| 1 | Шыныны көтеріп қозғалу іс-әрекетін бақылау. | |
| 2 | Бастағы екі жұп қармалауыштың формасын, қимыл-қозғалысын зерттеу. | |
| 3 | Иіс сезу мүмкіндігін тексеру (жуаны езіп жақындату) | |
| 4 | | |
| 5. | Дыбысты естігендегі реакциясы | |

**3-тапсырма.**

| р/с | **Қоректену әрекетін бақылау.** | **Бақылау нәтижесі** |
|---|---|---|
| | 1)Нан жағылған «шыны аймағын» іздеу реакциясы<br>2)Пиязға әрекетін бақылау | |

**4-тапсырма.**

| р/с | **Тыныс алу әрекетін бақылау** | **Бақылау нәтижесі** |
|---|---|---|
| 1 | Бақ ұлудың тыныс алу ерекшелігі | |
| 2 | Тоспа ұлудың тыныс алу ерекшелігі<br>а) қанша уақыт суда болады<br>б) дененің қанша бөлігі судан шығады | |

**Бағдарламалы карта сабағына «Ішекқуыстылардың көбеюі, дамуы» сабағын мысалға келтіруге болады.**

**Сабақтың мақсаты:1.** Ішек қуыстылардың көбею мен даму ерекшелігі жайлы білім беру.

2. Жасуша ішілік және жасуша сыртында ұрықтану үрдісімен жете таныстыру. Өздік жұмысын жүзеге асыру.

**Көрнекілігі:** Ішекқуыстылар түрлері, сызбанұсқа, бағдарламалы карта.

**Әдісі:** сауалнама, бағдарламалы карта сабағы.

**Сабақтың барысы:** І. Үй тапсырмасын сұрау.

**0. Сұрақ-жауап.**

а) Қандай көп жасушалы жәндіктермен таныссыңдар?

ә) Олар неліктен көп жасушалы деп аталады? Шығу тегі

б) Ішекқуыстыларға тән қасиет?

в) Теңізде еркін жүзетін ішекқуыстылардың басқа кластан айырмашылығы қандай?

**2. Өзіндік жұмысы.**

| **р/с** | **Сұрақтар** | | **р/с** | **жауабы** |
|---|---|---|---|---|
| **а.** | Ядрода кездесетін құрам бөлік. | | **1.** | Пеликулла |
| **ә.** | Кірпікшелілердің өкілі | | **2.** | Сәулелі өрмекаяк |
| **б.** | Денесі сәулелі симметриялы ішекқуысты | | **3.** | Бода |
| **г.** | Отырықшы көпаяқты ішекқуысты | | **4.** | Хромосома |
| **ғ.** | Гидраның асқорыту безі орналасқан қабаты. | | **5.** | Кірпікшелі кебісше |
| **д.** | Саркодиналардың өкілі | | **6.** | Гидра |
| **ж.** | Екі талшығы бар біржасушалы | | **7.** | Көп аяқты маржан |
| **з.** | Біржасушалылардың сыртқы қабаты | | **8.** | Медуза |
| **к.** | Ішекқуыстының сыртқы қабаты | | **9.** | Эктодерма |
| **л.** | Еркін қозғалатын, аузымен қармалауыштары төмен бағытталған ішекқуысты. | | **10.** | Энтодерма |

**Кілті:**

| **а** | **ә** | **б** | **г** | **ғ** | **д** | **ж** | **з** | **к** | **л** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 5 | 6 | 7 | 10 | 2 | 3 | 9 | 10 | 8 |

**3. Жаңа сабақ.**

**І.Сұрақ.**

1.Ішекқуыстылар қандай жолмен көбейеді?

2. Төменгі сатыдағы ішекқуыстыда жынысты көбею қай қабатта өтеді?

3. Жоғарғы сатыдағы ішек қуыстыда ше?

4.Ішекқуыстылардың басым көпшілігі қандай жынысты?

5. Актиния қалай көбейеді?

**Кілті: 19,211,312,47,510,68.**

***Тоспа ұлуын зерттеу жұмысының карточкасы.***

**1-тапсырма.**

| р/с | Сыртқы құрлысы | Бақылау нәтижесі |
|---|---|---|
| 1 | Дене пішіні, бөліктері | |
| 2 | Бақалшақтың пішіні мен денедегі орны | |
| 3 | Жылжып қозғалғандағы өзгерістер | |

**2-тапсырма.**

| р/с | Қозғалуы, бағдарлау, сезім. | Бақылау нәтижесі |
|---|---|---|
| 1 | Шыныны көтеріп қозғалу іс-әрекетін бақылау. | |
| 2 | Бастағы екі жұп кармалауыштың формасын, қимыл-қозғалысын зерттеу. | |
| 3 | Иіс сезу мүмкіндігін тексеру (жуаны езіп жақындату) | |
| 4 | | |
| 5. | Дыбысты естігендегі реакциясы | |

**3-тапсырма.**

| р/с | Қоректену әрекетін бақылау. | Бақылау нәтижесі |
|---|---|---|
| | 1)Нан жағылған «шыны аймағын» іздеу реакциясы<br>2)Пиязға әрекетін бақылау | |

**4-тапсырма.**

| р/с | Тыныс алу әрекетін бақылау | Бақылау нәтижесі |
|---|---|---|
| 1 | Бақ ұлудың тыныс алу ерекшелігі | |
| 2 | Тоспа ұлудың тыныс алу ерекшелігі<br>а) қанша уақыт суда болады<br>б) дененің қанша бөлігі судан шығады | |

**Бағдарламалы карта сабағына «Ішекқуыстылардың көбеюі, дамуы» сабағын мысалға келтіруге болады.**

**Сабақтың мақсаты:1.** Ішек қуыстылардың көбею мен даму ерекшелігі жайлы білім беру.

**2.** Жасуша ішілік және жасуша сыртында ұрықтану үрдісімен жете таныстыру. Өздік жұмысын жүзеге асыру.

**Көрнекілігі:** Ішекқуыстылар түрлері, сызбанұсқа, бағдарламалы карта.

**Әдісі:** сауалнама, бағдарламалы карта сабағы.

**Сабақтың барысы:** І. Үй тапсырмасын сұрау.

**0. Сұрақ-жауап.**

а) Қандай көп жасушалы жәндіктермен таныссыңдар?

ә) Олар неліктен көп жасушалы деп аталады? Шығу тегі

б) Ішекқуыстыларға тән қасиет?

в) Теңізде еркін жүзетін ішекқуыстылардың басқа кластан айырмашылығы қандай?

**2. Өзіндік жұмысы.**

| **р/с** | **Сұрақтар** | | **р/с** | **жауабы** |
|---|---|---|---|---|
| **а.** | Ядрода кездесетін құрам бөлік. | | **1.** | Пеликулла |
| **ә.** | Кірпікшелілердің өкілі | | **2.** | Сәулелі өрмекаяқ |
| **б.** | Денесі сәулелі симметриялы ішекқуысты | | **3.** | Бода |
| | | | **4.** | Хромосома |
| **г.** | Отырықшы көпаяқты ішекқуысты | | **5.** | Кірпікшелі кебісше |
| **ғ.** | Гидраның асқорыту безі орналасқан қабаты. | | **6.** | Гидра |
| | Саркодиналардың өкілі | | **7.** | Көп аяқты маржан |
| **д.** | Екі талшығы бар біржасушалы | | **8.** | Медуза |
| **ж.** | Біржасушалылардың сыртқы қабаты | | **9.** | Эктодерма |
| **з.** | | | **10.** | Энтодерма |
| | Ішекқуыстының сыртқы қабаты | | | |
| **к.** | Еркін қозғалатын, аузымен қармалауыштары төмен бағытталған ішекқуысты. | | | |
| **л.** | | | | |

**Кілті:**

| **а** | **ә** | **б** | **г** | **ғ** | **д** | **ж** | **з** | **к** | **л** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 5 | 6 | 7 | 10 | 2 | 3 | 9 | 10 | 8 |

**3. Жаңа сабақ.**

**І.Сұрақ.**

1.Ішекқуыстылар қандай жолмен көбейеді?

2. Төменгі сатыдағы ішекқуыстыда жынысты көбею қай қабатта өтеді?

3. Жоғарғы сатыдағы ішек қуыстыда ше?

4.Ішекқуыстылардың басым көпшілігі қандай жынысты?

5. Актиния қалай көбейеді?

Электронды кітапты ашып, «Сезім мүшелері» бойынша берілген материалдарға қарай отырып тірек сызбасын орындау: магнитті тақтаны пайдалана отырып.

**І.Мағынасын ашу.**

рецептор → анализатор → ми сыңарларының қыртысы
↓
өткізгіш жүйке

**ІІ. Миға шабуыл.**

Сұрақтар:**І.** Тепе-теңдік мүшесінің құрылысы қандай?

3. Адам үшін иіс сезу мен дәм сезудің маңызы қандай?
4. Дәм сезудің ерекшелігін атаңдар.
5. Тілдің мөлшері:
6. Бұлшық ет сезімінің маңызы
7. Ең сезгіш мүше қайсысы?

**Тақтадағы мәліметтер:**

6 көз бұлшық еті көз алмасын қозғалтады,көру толқыны 400-760 мкм-ге дейін.Жақыннан көргіштік-миопия, алыстан көргіштік-гиперметропия. ә) Есту мүшесі- 20-20000 гц қабылдайды. Кортиев мүшесіндегі есту клеткаларының саны 23 мың. Қалыпты әңгімелесу 60дб, егде адам 500гц дыбысты қабылдайды.

б)Иіс сезу мүшесі -10-мыңнан астам иіс сезу қабілеті бар.

в) Дәм сезу мүшесі-тілдің ұзындығы 9-см, ені 5-см, ұшы тұзды және тәтті, түбі ащы, екі жағы қышқыл дәмдерін сезеді. Ең жұқа бүртік тіл ұшында. 4-мың дәм сезу бүртіктері бар.

г)Тері сезгіштігі: 1см$^2$ 170 сезгіш жүйке бар. ***Краузе колбасы*** –суықты қабылдау.*Майснер*-сипап сезу.*Пачини*-қысымды сезу.



Жас экологтар



Облыстық олимпиада жүлдегері Метербай Сағындык



Зертханалық жұмыс жасауда



Электрондық оқулықтармен жұмыс жүргізуде

**III.Өзіндік жұмыстар.I-деңгейлік тапсырма.**

а) Модуль **«Көз»**

| Көз қабаты | Ақ қабықша | Тамырлы қабықша | Тор қабықша |
|---|---|---|---|
| жататындары | Кілті 1 | Кілті 6 | Кілті 2,3,5 |

Жауаптары:

1.Қасаң қабық

2.Рецептор

3.Таяқша

4.Көз бұршағы

5.Құтыша

6.Қан тамырлары

ә) Модуль **«Құлақ»**

| Бөлімі | сыртқы | ортаңғы | Ішкі |
|---|---|---|---|
| Жататындары | Кілті. 4,5. | Кілті. 1,2,3,6. | Кілті. 7,8,9. |

1.Үзеңгі

2.Балғашық

3.Төстік

4.Құлақ қалқаны

5.Есту жолы

6.Евстахиев түтігі

7.Иірім шытырман

8.Жартылай иірім түтігі

9.Қапшық

б) Модуль **«Сезім мүшесі»**

| | Тепе-теңдік | Бұлшық ет | Сипап сезу | Дәм сезу | Иіс сезу |
|---|---|---|---|---|---|
| Құрылысы,қызметі | Кілті 9. 10 | Кілті 2.8 | Кілті 1.7 | Кілті 3.6 | Кілті 4.5 |

1.Терідегі сезім рецепторлары.

2.Бүкіл дене қозғалысын басқару.

3.Дәм сезу бүршіктері.

4.Танау тесігі,кеуілжірі.

5.Иісті ажырату

6. 4түрлі дәм сезу бөлімдері

7.Қорғаныш, ауырсыну

8. Бұлшық ет буынында, сіңірде, буын қалтасында.

9. Вестибула аппараты

10. Бұлшық ет тонусын реттеу.

**ІІ-деңгейлік тапсырма а)көру сезімі. «Сезім мүшелері»**

| | Көз бұршағы | Торлы қабықша | рецептор | қарашық | Шыны дене | Көру жүйкесі | Ақ қабық, қасаң қабық | Нұрлы қабық | Тамырлы қабық | Ми қыртысының көру аймағы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.Көру анализаторының үш бөлімі | | | + | | | + | | | | + |
| 2.Жарық тітіркендіргішін қабылдайды | | | + | | | | | | | |
| 3.Миға қозуды жеткізеді | | | | | | + | | | | |
| 4.Жарық тітіркендіргішін анализдейді. | | | | | | | | | | + |
| 5.Жарықты сындырады. | + | | | | | | | | | |
| 6.Пішінін өзгереді | + | | | | | | | | | |
| 7.таяқша, құты-ша орналасқан | | + | + | | | | | | | |
| 8.Зат бейнесі көрінетін орын | | + | + | | | | | | | |
| 9.Көздің қорға-ныш қабаты. | | | | | | | + | + | | |
| 10. Алыстан жә-не жақыннан көргіштікте өзгереді. | + | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. Нұрлы қабық-шаның орталығында | | | | + | | | | | | |
| 12.Көз алмасындағы көретін қабат | | | | | | | | | + | |
| 13.Көздің пішінін сақтайды | | | | | + | | | | | |

ә) «Есту сезімі»

| | 1 Есту сүйектері | 2 Есту жолы | 3 Есту жүйкесі | 4 Есту түтігі | 5 рецептор | 6 иірім | 7 Жартылай иірім өзектері | 8 Ми қыртысыны естуаймағ ы | 9 Дабыл жарғағы | 10 Құлақ қалқаны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.Есту анализаторының үшбөлімі | | | + | | + | | | + | | |
| 2.Дыбыс тітіркендіргіш қабылдайды | | | | | + | + | | | | |
| 3. Миға қозуды жеткізеді | | | + | | | | | | | |
| 4.Дыбыс тітіркендіргішін анлиздейді | | | | | | | | + | | |
| 5.Сыртқы құлаққа жатады | | + | | | | | | | | + |
| 6.Ішкі құлаққа жатады | | | + | | + | + | + | | | |
| 7.Ортаңғы құлаққа жатады. | + | | | + | | | | | + | |
| 8.Ортаңғы | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| құлақ жұтқыншақпен жалғасады. | | | | | + | | | | | |
| 9.Сұйыққа толы | | | | | | | + | + | | |
| 10.Дабыл жарғағынан толқын беріледі. | + | | | | | | | | | |
| 11.Есту тітіркендіргіші нен қозады | | | | | | | | + | | |
| 12.Тепе-теңдік мүшесі | | | | | | | | + | | |

## 2.Өзіндік жұмыстар

| | 1 салмағы | 2 өлшемі | 3 Темпера тура | 4 пішіні | 5 түсі | 6 иісі | 7 көлемі | 8 Бетінің ерекшелігі | 9 Адамныңкеңістік тегіонны | 10 Затқа дейінгі қашықтық | 11 нәзіктігі | 12 мықтылық ық | 13 Дыбыс ерекшелігі | 14 Дәм сапасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.Көру анализаторы | | + | | + | + | | + | + | + | + | | | | |
| 2.есту анализаторы | | | | | | | | | | + | | | + | |
| 3.бұлшық ет анализаторы | + | + | | + | | | + | | | | + | | | |
| 4.сезу анализаторы | | | + | + | | | | + | | | | | | |
| 5.дәм сезу аналтзаторы | | | | | | | | | | | | | | + |
| 6.Иіс сезу анализаторы | | | | | | + | | | | | | | | |
| 7.Көру және сезу | | + | + | + | + | | + | + | + | | | | | |
| 8.Көру және бұлшық ет анализаторы | + | + | | + | | | + | + | + | + | + | | | |
| 9.Вестибула аппараты | | | | | | | | | + | | | | | |

Элекронды кітап бойынша алған білімдерін тексеру мақсатында компьютердегі тесттерге жауап беру.

**IV.Ой қозғау.**

**Тест «сезім мүшелері»**

1. Есту сүйектері қайда орналасқан ?
   1.ортаңғы құлақ; 2.сыртқы құлақ ; 3.ішкі құлақ;
2. Тепе-теңдік мүшесі
   1.евстахий түтігі; 2.вестибула аппараты; 3.иірім;
3. Ауырсыну рецепторы
   1.сипап сезу; 2.ноцицептор; 3.эпителий;
4. Иірімдегі талшық саны қанша?
   1.20мың; 2.24мың ;3.26 мың;
5. Көз рецепторындағы таяқшалар саны
   1.130мл; 2.7млн; 3.120млн;
6. Терідегі әр сантиметр квадратта қанша сезгіш жүйке талшықтары бар?
   1.100; 2.180 ; 3.170;
7. Теріде қайсысы суықты қабылдайды?
   1.руорфини; 2.краузе колбасы; 3.майснер;
8. Тілдің ұзындығы
   1. 10см; 2. 5см; 3. 9см;
9. Тіл бетіндегі дәм сезу бүртіктерінің саны
   1. 5 мың ; 2. 4мың; 3. 3мың;
10. Кортиев мүшесіндегі есту клеткаларының саны
   1. 20мың; 2. 22мың; 3. 23 мың;

**Кілті: 1,2,2,2,2,3,2,3,2,3.**

**V.Танымдық тапсырманы орындау.**

2)Компьютерде деңгейлік тапсырмаларды орындау. (көздің қырағылығын тексеру)

3) Компьютерде түрлі дыбыс жиілілігін ажырата білу мүмкіндігін тексеру.

4) Танымдық карточкамен соқыр дақты анықтау.

**VI. Түсінікті болжау.**

***Сезім мүшелеріне байланысты нақыл сөздер, өлең оқу.***

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айға
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын
Ақша жүз алқызыл бет тіл байлайды
Аузын ашса көрінер кірсіз тісі

Сықылды қолмен тізген іш қайнайды.

**Нақыл сөздер, мақал –мәтелдер.**

1. Соқыр тауыққа бәрі жем.
2. Сөз атасы –құлақ

Су атасы-бұлақ.

3. Ауыз көркі сөз
   Жүздің көркі көз.
4. Жақсы тіл иесін мақтатар
   Жаман тіл иесін сорлатар.
5. Тіл тиексіз
6. Тіл қылыштан өткір.
7. Өнер алды қызыл тіл.
8. Көз жеткізер
   Көз жеткізбегенді сөз жеткізер.
9. Көз қорқақ, қол батыр.
10. Көзің ауырса, қолыңды тый
    Ішің ауырса, аузыңды тый.
11. Естіген құлақта жазық жоқ.
12. Көзбен көр, қолмен ұста.

**VII. Үйге тапсырма:Сезім мүшелеріне өз бетінше тест құрастырып келу.**

Кез-келген сабаққа логикалық бағдарламалы карта құрастыруға оқушыларды дағдыландырған жөн

**Бағдарламалық карта**



## Бағдарламалық карта




### Оқушылардың танымдық қабілетін арттырудағы танымжорықтың мәні

Мектепте биология пәнінің білім негіздері бала бойына толық қалыптасу үшін,оқытуда теориялық бағытты практикалық бағытпен ұштастыру керек. Практикалық бағытқа жататын танымдық жұмыстардың бірі-танымжорық. Себебі, шын мәніндегі білімді оқушылар бақылау, салыстыру және тәжірибе жолымен меңгереді.Көптеген сабақты танымжорық ретінде табиғатта өткізуге болады.

Мысалы: оқушылар жапырақтың құрылысы, орналасу тәртібі жүйкеленуі, жапырақтың күзгі күйі, жемісі т.б туралы түсініктерін дамыту,танымжорықтың қорытындысы туралы жазба жаза білуіне жол ашылады.

Тәрбиелік жағы: оқушыларға табиғаттың әсемдігіне көз жібере білуге үйрету. Оны бойларына қалыптастыра білу мүмкіндігіне жетелеу, табиғатты силай, оның әрбір элементіне аяушылық көзқараспен қарау,ой тастау, экологиялық негіздерін бойларына енгізу. Танымжорыққа шығар алдында сұрақтар қойылады

**Сұрақтар:**

1) Біздің жергілікті жерде қандай өсімдіктер көптеп кездеседі?
2) Олардың тіршілік ортасы (ылғал сүйгіш, төзімді, құрғаққа бейім, күй талғамайды).
3) Сен табиғатта жақсы дем алғың келеді,осы табиғаттың сен көріп тұрған бөлігін қалай әдемі күйде сақтау керек? Оған сенің іс-әрекетің қажет пе?
4) Табиғаттың бізге берген сыйы — ол өсімдіктер олар, бізге дәрі,тамақ,ақша,ауа,денсаулық т.б осы сыйды қалай қабылдап жүрміз?
5) Сенің табиғатқа жасайтын қандай жақсы іс-әрекетің бар? Ойландың ба?

Міне осындай дайындық кезеңді бастаған соң ,Қазақстанда бітіп бара

жатқан өсімдіктер,Қызыл кітапқа енген түрлері жайлы кеппе шөпті көрсету арқылы танымдық қабілетін арттыруға болады. Оларға табиғат жайлы пейзажды суреттерді көрсетіп табиғат сұлулығына эмоционалды дайындауға болады.

Оқушыларды топ-топқа бөліп,әр топтың табиғаттағы іс-әрекетіне қарап,

«Табиғаттағы ұстаным» байқауын топ пен топ ортасына ұйымдастыру керек.

Таблица толтырып қорытындылаймыз.

| **Мазмұны** | |
|---|---|
| **1. Қандай өсімдік түрлерімен таныстым?** | |
| **2. Ағаш тексті,бұталы түрлері** | |
| **3.Күздің белгілерін жіктеу** | |
| **4. Табиғат несімен сұлу, бағалы?** | |

**2) Жапрырақтың құрылысына төмендегі таблица толтыруға болады.**

| **Өсімдік** | **Жапырағының орналасуы** | **Түрі** | **Жүйкеленуі** | **Жиегінің қалпы** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

**3) Жемістер мен тұқымдар және олардың таралуы**

| **Жемістің тұқымының аты** | **Таралу жолы** | **түрі** | **пайдасы** | **зияны** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Сонымен қатар оқушыларға жергілікті жердің өсімдіктерінен кептешөп дайындауды әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыру жұмысын жасау үшін табиғатта сабақтың жоспармен өтуі дұрыс деп санаймын.

1. Танымжорықтың тақырыбы мен тапсырмасымен таныстыру. (бүкіл танымжорық бойынша істелетін іс-әрекет).
2. Мақсатпен таныстыру.
3. «Табиғатпен— тікелей байланыс»- оқушылармен табиғат жайында пікірлесу,әңгіме сұрақ т.б
4. Уақытты үнемді пайдалану- әр 10 минут сайын істеген істерін бақылай жүріп есепке алу.
5. Топпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге жағдай жасау.
6. Нәтижесін тексеру,бағалау, қорытындылау
7. Үйге тапсырма.

## Топсеруен: «Қыс мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі».

**Мақсаты:** ағаш, бұта және шөптесін өсімдіктердің тіршілік әрекеті, өркен, бүршік жайлы түсінікті дамыту, оқушыларға бұтақтар мен ағаш тектес өсімдіктерлдің бүршіктеріне қарап ажырата білуіне жетелеу.

**Тәрбиелік:** қолайсыз жағдайға өсімдіктердің бейімделуі, тіршілік үшін күрестің мәнін, қысқы табиғаттың сұлулығын ашу, көз жеткізу, табиғатта өзін-өзі ұстай білу мәдениетіне жетелеу. Топсеруеннің алдын ала дайындығы.

Мұғалім анықтама карточкасын жасап қоюы керек:

0 Бүршік өркенге кезектесіп орналасқан 2

1Бүршік өркенге қарама-қарсы орналасқан 3

2Ағаштың қабығы ақ түсті, ұсақ бұтақтары көптеп төмен иілген, бұтақ ұшында 2-3 аталық сырғалар ілінген. Өркен жалаңаш, жұқа. Бүршік құрғақ, ұсақ, үшкір. 3Ағаштың қабығы сұр түсті, кедір-бұдырлы. Бүршіктің қабыршағы балықтың қабыршағы тәрізді кіріге орналасқан (40- жасқа дейін). Төбе бүршігі 4-6 жылдық өркен ақшылдау. **Емен жаздық**

0.Ағаш доға тәрізді иілген. Бірақ салбырап тұрған. Бүршігі құрғақ, қабыршағы

2-еу, сыртқысы қысқа. Жылдық өркені ашық қоңыр түсті, күн жақта қызыл,ал көлеңкелі жақтағысы жасыл. Жемісі жаңғақ. **Жөке ағашы**

0 Өркен 6 қабыршақтан тұрады, кезектесіп жауып орналасқан,түсі қоңыр не сары түсті **Шегіршін**

0.Ағаштың қабығы қоңыр түсті, төбе бүршігі 6-8,шоқталған,ұшы үшкір тәрізденіп келген 6 қабыршақтан тұрады. **Алхоры**

3.Ағаш қоңыр түсті жылтыр қабықпен жабылған, бүргіші ағашқа жапсырыла орналасқан, сұр түсті бір-бірімен бірдей қарама-карсы үлкен 2 қабыршақпен қоршалған. **Терек**

0.Қабығы ақшыл қоңыр, сұр түсті, бірақ, дақтары бар, бүршігі төбесінде 1-2 ден ғана 6 қабыршағы қос-қостап жабылған, астыңғы 2 қабыршығы өте қысқа, ағаштан сыртқа қарай орналасқан

**Мамыргүл, Бөртегүл, (Сирен)**

Жалаңаш тұқымдыларға

1.Қыста жапырағын түсірмейді ... 2

0.Қыста жапырағын түсіреді ... 7

2.Қылқанжапырағы ине тәрізді ... 3

0.Жапырақ алақаны қабыршақ формалы.Ағашта қабыршағы 4 қатардан бірімен-бірі кезектесіп орналасқан. Өркені жазда қою жасыл,қыста сұр жасыл түсті. Бүрлері 3,4 жұп қоңыр-құба түсті қабыршақтан тұрады. Биіктігі 5-8 м, сұр түсті қабықпен қапталған. **Бозарша**

3.Қылқан жапырағы бірден орналасқан

0— қылқан жапырағы шоқ болып орналасқан

4— қылқаны жалпақ жұмсақ,ұшы доғал, жоғарғы жағы қою жасыл, жылтыр асты екі ақ түсті пирамида тәрізді. **Самырсын**

0.Қылқан жапырағы 4 қырлы,қыры қатты, өткір. Бүргіші үшкір, қоныр, жабысқақсыз. Аналық бүр қоңыр. Ағаш 30-50 м,үшкір пирамида тәрізді, жан-жағына бұталары кеткен. **Шырша**

5.Қылқан жапырағы топталып екі-екіден орналасқан,қылқаны қатты, тегіс, үшкір, қою жасыл түсті, ал бір түрі көк жасыл. Әрбір жұп түтік тәрізді жарғақпен қапталған. Бүршігі өркеннің ұшында орналасқан, төбе бүршігі өткір. Бүршігі өткір, жабысқақты да, жабысқақсыз да. Бұтағынан үш түрлі аналық бүрді көруге болады. Өркеннің ұшынан,жасыл ұшынан бояусыз.Ағаш биіктігі 25-50м.Қабығы қоңыр түсті,тік өскен. **Балқарағай**

1.Оқушылар топсеруенге бармай тұрып алдын-ала дайындық ретінде бүршіктермен зертханалық жұмыс жүргізеді. Онда бүршіктердің мөлшері,түсі пішіні, қабыршақ саны, т.б. белгілері бойынша жұмыс жүзеге асады.Оқушылар төмендегі кестені қорытынды ретінде толтыруы керек.

| Р\с | Бүршіктің белгілері | Төбе бүршігі | Қолтық бүршігі |
|---|---|---|---|
| 1. | **Мөлшері** | | |
| 2. | **Түсі** | | |
| 3. | **Пішіні** | | |
| 4. | **Қабыршақ саны** | | |
| 5. | **Басқа белгілері (түсуі, жабысқақтығы) т.б** | | |

Осы сабақта мұғалім тақтаға ой тастайтындай кесте сызып,оны балалармен бірлесе отырып толтырады.

| Р\с | Өсімдік тіршілігіне қажетті жағдайлар | Қыс мезгіліндегі жағдайлар |
|---|---|---|
| 1. | **Қоректік зат** | **Қоректік заттар аз** |
| 2. | **Жарық** | **Жарық аз** |
| 3. | **Жылу** | **Жылу жоқ суық** |
| 4. | **Су** | **Қар,мұз** |

Осыдан сұрақ туады:Қыста өсімдіктер осы жағдайларды қалай қабылдайды?

Кей оқушы: «Өсімдік өліп қалады»-дейді,кейбірі «аздап өмір сүреді»-дейді.

Осыдан қысқы жағдайға бейімделу жайлы түсінікті (жапырағын түсіру, тыныштық кезең) айтып беру керек.

Топсеруенге анықтағыш карточкамен шыққанда:

1.Өсімдіктер қыстың қолайсыз жағдайын қалай қабылдайды?

2.Қыста ағаштар мен бұталарды танып білу.

А.Я.Герд айтқанындай: «Барлығы туған жердің ағашын гүлдеп тұрғанда не жапырағына қарап қана білмеуі керек,оның пішініне қарап-ақ білуі керек» деген сөзі үлкен ой тастайды.

Табиғаттағы танымжорықты «Гүлді өсімдіктерді жүйелеу» тақырыбын қорытындылауға немесе тұқымдастарды өткенде табиғат сабақтарын өтумен

тұжырымдауға болады.Оқушылар анықтағыш карточкамен жергілікті жердегі өсімдіктерді анықтайды. Ең алдымен тұқымдасын тауып алуға анықтама пайдаланады.Осы анықтама карточкасын пайдалана отырып мектеп, ауыл маңындағы әр тұқымдастың өсімдігін оқушылар өздігінен анықтайды. Төмендегі кестені толтырады.

| Класы | Тұқымдасы | Өсімдік аты | Жапырағы | Гүл құрылысы | Жемісі | Маңызы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

**Өсімдіктердің тұқымдасын анықтауға анықтама таблицасын пайдаланамыз.**

1. Жай жапырақ ... 2
2. Күрделі жапырақ ...5
3. Жапырағы домалақ, ара тіс жиекті қалақша тәрізді. Гүл жасыл, көріксіз. Тостағаншасы екі қатарлы , гүл тәжі жоқ ... **байғұт**
4. Жапырағы басқа түрлі ...3
5. Гүлі жеке кейде 2-3-тен орналасқан күлте жапырағы ...5 **алхоры**

13.Гүлдер гүлшоғырына жиналған ...4

6. Күлтежапырақша ұзындығы 6-5 **мойыл**
7. Жапырағы қауырсын тәрізді. Ақ гүлдері қалақша тәрізді, гүл шоғырына жиналған ... **шетен**
8. Жапырағы үш немесе бес күрделі құрлысты, 6 сабағы тікенекті ... **қара бүлдірген.**
9. Сабағы түкті. Тамырға жақын жапырақтары мен сабақтары тамыр сабақтан алыс кеткен ... **қой бүлдірген**

***Бұршақ тұқымдасы.***

1.Үш жапырақты ...2

2. Жапырақ бір немесе бірнеше жұп жапырақшаларынан тұрады ...3

3.Гүлшоғыры шоқпарбас **-жоңышқа туысы** ...4

4. Гүлшоғыры шашақ **-түйебұршақ туысы** ...5

0. Жапырағы бірнеше қатар жапырақшалардан тұрады, мұртшасы бар,**-бұршақ туысы** ...7

5.Сабағы төселгіш, қысқарған. Гүлшоғыры шоқпарбас, ақ түсті ... **жоңышқа**

0.Сабағы көтерілген. Тамырға жақын жапырақтың сағағы түкті. Гүлшоғыр қызыл түсті, кепкенде қоңырланады **далалық қызыл жоңышқа**

6.Гүлі сары түсті ... **дәрілік түйебұршақ**

7. Гүлі ақ түсті... **егістік бұршақ**

0.Гүлі күлгін түсті ... **далалық бұршақ**

*Шаршыгүлдер тұқымдасы.*

1. Жемісі бұршаққын (ұзын) ...2

0.Жеміс бұршаққап (қысқа)... 5

2. Жемістің ішінде тартылған мөлдір пердесі болады, гүлі сары. Сабағы, жапырағында түктері болады. (әйнекпен) ... **жабай шомыр**.

3. Жемісі мөлдір пердемен бөлінбеген ...3

0.Бұршаққап семсер тәрізді. Гүлсағақ жеміс жанында, сабақтан ауытқыған. Жапырағы қауырсын тәрізді... **ақ қыша**

4.Бұршаққап үшбұрышты. Гүлі ақ, ұсақ жапырақты қауырсын тәрізді, шоқтанған ... **жұмыршақ**

*Алқа тұқымдасы.*

1. Гүлі ірі (2-6см) ...2

0.Гүлі ұсақ (1,5 см) ...5

2. Гүлі ақ түсті,(кепкенде қоңырлау)...3

0.Гүлі басқа түсті...4

3. Сағақсыз жапырағы бүтін жиекті, жапырағы мен сабағы еңкіш ... **жұпар иісті темекі**

0.Жапырағы сағақты, ірі, ойыс жиекті, гүлі ақ түсті... **сасық меңдуана**

4. Гүлі үлкен, түрлі-түсті,(5-6см), гүлі жалғыз, гүл сағағында отырған. Жапырағы бүтін жиекті ...**будан петуния**

0.Гүлі күлгін түсті, торлы, гүлі гүлсағақсыз ... **қара меңдуана**

5. Жапырағы қауырсын ...6

0.Жапырғы қарама-қарсы орналасқан гүлшоғырында ұсақ гүлі және жемісі бар, жемісі жидек ... **қара алқа**

6. Гүлшоғыры жапырақтан жоғары көтерілмейді, сары түсті ұсақ ... **қызан**

0.Гүлшоғыры жапырақ үстіне көтерілген.Гүлі күлгін, ақ түсті, сары тозаңы айқын көрінеді... **картоп.**

*Лалагүлділер тұқымдасы.*

1. Гүлінің құрлысы $K_6 A т_6 A_1$, жалғыз және 2-3тен орналасқан...2

0.Гүлі гүлшоғырына біріккен ...3

**2.** Гүлі сабақта жалғыз орналасқан әрі ірі ... **жауқазын**

3. Гүлшоғыры шашақ, жапырақтары сабақта 2-ден орналасқан ...4

0.Гүлшоғыры бар...6

4. Гүлі ақ түсті ...5

5. Гүлдері селдір, гүлшоғырын құрайтын жеке гүлінің пішіні қоңырау тәрізді, жапырақтары ұзын сағақты сопақ пішінді. Ұзындығы 10-12 см... **інжугүл**

6. Гүлшоғыры шатырша, гүлі ақ және сары түсті... **пияз**

*Астық тұқымдасы*

1. Гүлшоғыры масақ...2

0.Гүлшоғыры сыпыртқы...7

2. Гүлшоғыры күрделі масақ...3
3. Масағы селдір, масақтың кіндігі айқын көрінеді.

0.Масағы тығыз. Кіндігі масақтан көрінбейді...5

4. Жапырағының асты жылтыр... **үй бидайық**
5. Масақтың шеті тісті, мұртшасы бар, сыртқы қабыршағы тар...**қарабидай**

0.Сыртқы қабыршағы кең, тісшесі жоқ... **бидай**

Кез-келген топсеруен алдына үлкен мақсат қоя біліп ұйымдастырылады, мысалы: Туған өлке өсімдіктерінің таралу жиілігі бағытында «Шаяхмет базына» саяхатқа шықтық. **Мақсаты:** дәрілік, мал азықтың өсімдіктерінің таралу мүмкіндігі, түрлері, маңызы жайлы түсінікті тереңдету, олардың түрлерін ажыратып тани білуге, табиғатты сүюге үйрету. Туған жердің ауасы, желі, суы, өсімдігінің бәрі дертке шипа екендігіне көз жеткізу, мақтаныш сезімін ояту.

Оқушыларға дәрілік шөптер туралы алдын-ала мағлұмат жинау керектігі айтылады. Мал азықтық шөптердің құнарлылығы туралы үлкендерден мәлімет алуы керектігі ескеріліп, дайындық жұмысы жүргізіледі.

Оқушылар өсімдіктермен танысып қана қоймайды, қорытындыға келіп, кесте толтырады.

| **Р\с** | **Өсімдік атауы** | **Қандай ауруға ем?** | **Мал азықтық** | **Улы өсімдіктер** |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | **Қалақай** | **Өкпе ауруы, диабет, іш құрылысы қанайналым жүйесі.** | **Қойлар көп жесе іші кебеді.** | |
| **2.** | **Адыраспан** | **Құяқ ауруы, тері ауруы, жүйке, суық тигенде.** | **Тұз жетіспеген жағдайда ғана жейді** | + |

Осылай туған өлке шөптері: жалбыз,изен,жусан,боз,бетеге,шайқурай, сасыққурай, түйе тікен,түйежапырақ,мыңжапырақ,жоңышқа,меңдуана туралы мәлімет алуға болады.

Табиғаттағы саяхатта кейде өсімдіктерді жинауға тура келеді, жинау ережесін оқушылардың жадына алдын-ала саламыз. Бақылау қорытындысын жазбаша түрде дәптерге (блокнотқа) түсіреміз. Жануарлар дүниесі де қазір өте сақтықпен қарым-қатынас жасауды қажет етеді. Мысалы: «Бунақденелілер класын өткен соң табиғатқа шығып қысқа дайындық үстіндегі омыртқасыздардың тіршілігіне» көз жібереміз.

**Мақсат:**

1.Оқушыларға туған өлке жануарларының түрін жіктеу, Бір-бірінен ажырата білуге үйрету, сыртқы құрылыстарын білуге итермелеу.

2.Омыртқасыздардың тіршілік ортасы іс-әрекеті жайлы түсінікті, орта жағдайына бейімделу белгілері туралы танымдық қабілетін дамыту.

3.Туған жердің әр тіршілік иесіне деген аяушылық сезімін, экологиялық тәрбие беру.

**Көрнекті құралға:** ұстағыш құрал, лупа т.б. алу керек.

**Ережесі:**

1. Әр түрден тек бірден ұстау, пайдалы бунақденені ұстаған соң,пробирка ішінде бақылау,соңынан босатып жіберу.
2. Танымай тұрып онымен байланыс жүргізуге болмайды.
3. Жалаңаш қолмен ұстауға болмайды.
4. Көп мөлшерде жинау табиғатқа зиян.

**Қорытынды:**

| Класы | Отряды | Түрі | Тіршілік әрекеті | Пайда,зияны |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**Зерттеу жұмысы дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Зерттеу жұмысы шығармашылықты көп қажет етеді. «Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктерін мал шаруашылығында пайдалану» ғылыми зерттеу жұмысы біраз нәтижесін көрсетті. Осы жұмыстың барысымен танысыңыздар.**

Қазақстан жерінде өсетін өсімдіктердің 5000 мыңнан астам түрлерінің негізі таулы аудандарда кездеседі. Біздің аймақ таулы ауданға жатады. Дәрілік өсімдіктер көптеп кездесетіндіктен малдарымыз қоңды, өсімтал келеді. Бізде кездесетін шипалы шөптерді мынандай топтарға бөлуге болады.

1. Малдың асқазан, ішек ауруларын емдеуге қолданылатын дәрілік өсімдіктер (30 түрі).
2. Малдың орталық жүйке жүйелері ауруларын емдеуге қолданылатын дәрілік өсімдіктер (11 түрі)
3. Малдардың жүрек және қан тамырларына әсер ететін дәрілік өсімдіктер (10 түрі)
4. Малдың тыныс алу мүшелерінің ауруларын емдеу үшін қолданылатын дәрілік өсімдіктер (14 түрі)
5. Малдың бүйрек және зәр шығару органдары ауруларын емдеуге қолданылатын дәрілік өсімдіктер.
6. Малдың тері ауруларын емдеуге қолданылатын дәрілік өсімдіктер.
7. Витаминді өсімдіктер, мал дәрігерлігінде қолданылатын (16 түрі)
8. Малдың гелмен, құрттарын түсіруге қолнанылатын дәрілік өсімдіктер (5 түрі)
9. Жиі кездесетін улы өсімдіктер (13 түрі)

Туған жердің шипалы өсімдіктерін зерттеу барысында танымжорық жасаудың маңызы өте зор екендігі белгілі. Таным жорық төмендегі карта бойынша жүзеге асты. Танымжорықта кездескен өсімдіктер түрі төмендегідей.

1. Дәрілік түймедақ (Ромашка)
2. Шайқурай (Зверебой)
3. Кермек жусан (Ермен) (Полынь)
4. Сасыр (Горичник)
5. Зире (Тмин)
6. Зығыр (Лен)
7. Киікоты (Душица)
8. Құлмақ ( Хмель)
9. Мойыл (Черемуха)
10. Қазтамақ (Герань)
11. Ошаған (Репейник)
12. Сұлы (Овес)
13. Сары түйежоңышқа (Донник)
14. Рауғаш (Ревень)
15. Тау шүміилдек (Пион)
16. Түймешетен (Пижма)
17. Тікенді қара өрік (Сливоколючая)
18. Шашыратқы (Цикорий)
19. Шай шөп (Цмин песчаный)
20. Қара андыз ( Аир болотный)
21. Аскөк (Укроп огородный)
22. Қымыздық (Шавель)
23. Бұрыш жалбыз (Мята)
24. Бақ-бақ (Одуванчик)
25. Мыңжапырақ (Тысячелистник)
26. Итошаған (Шереда)
27. Күнбағыс (Подсолнечник)
28. Жүгері (Кукуруза)
29. Изен (Прутняк)
30. Қара жусан (Полынь)
31. Ебелек (Рогач)
32. Еркек шөп (Житняк)
33. Қоға (Рагоз)
34. Қамыс (Тростник)
35. Жуа ( Дикий лук)
36. Беде (Люцерна)
37. Түйе жоңышқа (Донник)
38. Қара меңдуана (Белена черная)
39. Сүйел шөп (Мак)
40. Өгей шөп (Мать-мачеха)
41. Жабайы жоңышқа (Клевер)
42. Арша (Можжевельник)
43. Бәйшешек (Первоцвет)
44. Жантақ (Верблюжья колючка)
45. Тобылғы (Лабазник)
46. Адыраспан (Гармала)

**Дәрілік өсімдіктердің қандай мүшелерін, не мақсатқа пайдаланатындығымызды төмендегі кестеден көреміз.**

| өсімдік аты | биологиялық сипаттамасы | дәрілік шикі заты | химиялық құрамы | қолданылуы |
|---|---|---|---|---|
| Түймедақ | Бір жылдық өсімдік, тік сабақты гүл тәжі Сары түсті, шеті ақ түсті. | Гүлі | Эфир майы, хомозулин, терпен,никотин қышқылы | Екі ас қасық гүл 0,5литр суға 15 минут тұндыру, бұзауға 90мл, қозыға 10мл тұнба |
| Шайқұрай | Гүлі сары, көп жылдық, жапырағы майда,сопақша. | Гүлі, сабақ ұшы | Эфир майы рутин никотин С дәрумені | 10гр шөпті (бір ас қасық) 7л суға 20 мин. бұқтыру қозыға 50мл, құлынға 200мл |
| Кермек жусан | Ащы иісті, көп жылдық, гүлі | сабақ ұшы | эфир майы, глюкозид | Екі ас қасық 0,5 литр суға салып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | майда | гүлі | | бұқтырады, жылқыға 25гр, ірі қараға 25гр. қойға 10 гр. |
| Сасыр | Ақшыл, майда гүлі бар, жайылып өседі | Тамыры, жемісті | А,Д,С витамині, белок, қант, май | Жемге туралып беріледі |
| Зире | Гүлдері майда, ақ түсті, сабағында сайы бар. | жемісің кептіріп алу | Эфир майы, иілік зат | Жылқыға 10-15гр, ірі қараға 30гр, қойға 10гр, іш жүргізу үшін |
| Ошаған | Сабағы түкті, жапырақ үсті жасыл, сары гүл, бес-бестен өседі | Жер беті Бөліктері | Эфир майы Иілік заттар | өт жолы, бауыр, асқазан ауруына 70гр-1л суға қайнатады бұзауға 200мг, қозыға 50мл |
| Сұлы | Сабағының іші қуыс, гүлдері сары жынысты | крахмал,илік зат, эфир майы,белок | сабағы, дәні, жапырағы | Асқазан жұмысын реттейді. 300гр - 3литр суға 10 мин. Қайнатады Құлын, бұзауға 0,5 литр, Қозыға 100 мл |
| Сары түйе жоңышқа | Жапырағы қияққа ұқсас, сабағы қырлы | Глюкозид, Эфир майы, Ісумарин витамині | Жапырағы, гүлі | Іші кепкенде, несеп жүргізуге пайдаланады, улы 2 гр. ғана 200гр суға қайнатылады. |
| Түйе жапырақты рауғаш | Сабағы қуыс, қызыл түсті таңбасы бар | Глюкозид Бояғыш зат, Иілік заттар | тамыры | Тәбет ашу, іш айдау, өт айдауға бұзауға 130гр, қозыға 80гр 1 ас қасық, 1 литр су 10 минут қайнатады |
| Тау шүмілдек | Ал қызыл түсту бес күлте жапырақты | Эфир майы, салицил, крахмавл, | тамыры | Ас қорыту жұмысын реттейді 10гр 1 литр су 30 минут қайнату ірі малға 4гр бұзауға 2гр, қозы 0,5 тамыр |
| Итошаған | Жапырағы ара тісті, гүлі сары. | Жапырағы, сабағы | Кумарин, аскорбин қышқылы, каротин, илік | Асқорту, бауыр ауруына пайдаланылады 8-10гр мөлшерінде азық- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | заттар. | ка қосып беру. |
| Күнбағыс | Гүлдері с ары түсті себетке ұқсайды | Жемісі, гүлі, жапырағы | Глюкозит, антоциян, каучук, смола, каротин. | Күнбағыс майы жылқыға 300мл, ірі қараға 500мл, қойға 150 мл асқазан, ішек жолын жұмсартады. |
| Жүгері | Сабағы жұмыр, іші қуыс, бір үйлі –собық сыпыртқы гүлі бар. | Жүгері дәні, шашағы | Майлар, эфир майы, гликозидтік заттар, К витамин, крахмал, белок. | Өт, зәр айдауға жылқыға-60гр, қойға 40гр тәулігіне 3-4 рет беріледі. |
| Изен | Сабағы қызғылт, гүлі реңсіз | Жапырағы | Белок, витамин. | Арықтаған малға беріледі. |
| Қара жусан | Жапырақтары жасыл, гүлі сары өзіне тән ерекше иісті | Сабағы | Белок,май, клетчатка, абсинтин, гликозиді, флавноид, эфир майы, каротин, фитонцидтер | Тез семіртуге, тәбет ашуға, гельминттік құртты түсіруге пайдаланылады. Тұнба 1:10 қатынасы құлынға 200мл, қозыға 50мл, ірі қараға 300мл. |
| Ебелек | Қысқа өзекті, бұтақшалары шоғырланған шар тәрізді, жапырақтары отырмалы. | Гүлі | Протеин, май, клетчатка | Малды семіртуге пайдаланылады |
| Еркек шөп | Көп жылдық, үш бұрышты масақтары бар. | Гүлді, сабағы | Белок, клетчатка, май | Малды семіртуга пайдаланылады. |

Мал шаруашылығында бүйрек және зәр шығару органдары аурулары соңғы кезде көптеп кездеседі. Көбінесе суықтан болатын бұл аурудың емі ретінде тікелей жергілікті жердің өсімдіктерін пайдаланған тиімді. Мысалы: далалық қырықбуын, тобылғы, жантақ, бәйшешек, арша т.б.

**Арша-** жемісі эфир майы көп, асқазан жұмысын тітіркендіреді, ішекті тазалайды, несеп айдайды.

Жылқыға -50гр, ірі қараға-100гр, койға 10гр.

**Бәйшешек-** тұнбасы зәр айдайды, тер шығарады. 1: 10 қатынасындай тұнба дайындалады

Бұзауға-80мл, қозыға-15мл 3 рет беріледі.

<u>Жантақ</u> – асқынған қуық, бүйрек ауруларына ем. 1 литр суға 20 мин қайнатады.

Ірі қараға-150мл, бұзауға-50мл, қозыға-20мл, Жылқыға -80гр.

<u>Тобылғы-</u> гүлі жапырағы бүйрек, қуық ауруларын емдеуге, ісік, іріңді жараларды жазуға пайдаланылады. 40гр ұнтақ-0,5 литр суға тұндырылады.

Ірі қараға-200мл, уақ малға-100мл, үш рет беріледі. Теміреткіге, тері ауруларына тұнбасы, күлі пайдаланылады.

Бұл дәрілік өсімдіктердің пайдалану жолдарын білген соң, шаруашылықтағы, көршілердегі асқазаны, несеп жолы ауыратын малдарға пайдалану үшін мал дәрігері Даутов Манатай аға мен мал шаруашылығында 40 жыл еңбегі бар Дайырбеков Үмітәліп және оралман Төленді ағаны көмекке шақырдым. Бұрыш, жалбыз тұнбасын жасап: 40гр құрғақ массаны 1 литр суға 10 минут бұқтыру, бұзауға 300 мл беріліп, мынандай нәтиже көрдім.

| **14.09.2008ж.** | **Мөлшері** | **Малдың жазылу мүмкіндігі** |
|---|---|---|
| Сағат 10.25. | 300 мг | өзгеріс болмады |
| Сағат 14.00. | 300 мг | өзгеріс болмады |
| Сағат 18.00. | 200 мг | Аздаған өзгеріс бар |
| **15.09.2008ж.** | | |
| Сағат 9.00. | 300 мг | Іші өтуі азайды |
| Сағат 13.00. | 300 мг | Іші өтуі азайды |
| Сағат 18.00. | 300 мг | Іші өтуі азайды |
| **16.09.2008ж.** | | |
| Сағат 9.00. | 300 мг | Іші тоқтады |
| Сағат 13.00. | 300 мг | Іші тоқтады |
| Сағат 18.00. | 300 мг | Іші тоқтады |

Үйге жалбыздан 3 кг жинап көлеңкеге ұқыптап кептірдім.

Сонымен қатар көрші Қартаңбаев Әбілқастың қозылары ақ тышқақ болғанда ерменнің қайнатылған тұнбасын бердік. Тұнбаның жасалу жолы:

Екі ас қасық құрғақ ерменді 0,5 литр суға 15 минут бұқтыру.

**Нәтижесі:** 3 күннен кейін қозылар аурудан таза жазылды. Халық емшілігіне де жүгініп, біраз деректер жинадым.

Соңғы жылдары мал төлдерінің биттеуі, түрлі тері ауруларына бой беруі дендеп барады. Бұрын, жылына бір-ақ рет күпкіге түсетін малды, кейінгі жылдары екі рет емдеуге тура келіп жүр. Сондықтан Табиғат - Ананың өз майын өзіне пайдалана білуіміз керек.

**Адыраспан** - көп кездесетін улы өсімдік, малдар көп жоламайды. Оны жинар кезде де сақтық қажет. Аталарымыз **«Ассалаумағалайкум, адыраспан,**
**Жіберді сізге бізді Омар, Оспан»**
деп барып ер адам жұлуы қажеттігін айтады, үйді-үйге босағаға іліп қоюды ескертеді. Ол-бұл өсімдіктің киелілігі және әрі антсептикалық қасиетіне негізделген тәрізді. Халық емшілігінде адыраспаннан 1:10 қатынасындай тұнба жасап, қышыма, қотырға қарсы пайдаланады. Тек қойдың қотыры ғана емдел-

мейді. Халық емшілігінде адыраспанды бел құяңы және сегізкөз нервісі ауруына басып пайдаланады. 50 гр адыраспанды шүберекке түйіп, ыстық суға 0,5 минут салып, кішкене сығып алып белге басады, сыртын жылылап жауып орап қояды.

**Қара алка** - көп кездесетін алка тұқымдас халық емшілігінде оны есекжем, тері қышымасын жуып, емдеуге пайдаланады.

**Ешкі мия** - халық емшілігінде көп пайдаланатын өсімдік. Тері ауруларының бәрінде 1:5 қатынасындай тұнба жасалынады.

**Шокпарбас плаун** - таулы, тастақты жерде өседі. Халық емінде өсімдіктің ұнтақталған дәрілік затын вазелин, салидолмен араластырып бұзаулардың таздкотырына, құлындардың түрлі қышымаларына жағып емдейді.

Құс тұмауы сияқты-ірі қарада, жылқыларда былтырғы жылы жөтел пайда болып, жаппай ауырды. Халық емшілігіне сүйеніп қара андыздың тұнбасын ішкізіп малдарды аман алып қалдық. 50 гр -200 мл спиртте бір апта ашытып, оны ауырған ірі қараға бердік, нәтижесі оң болды.

Мал дәрігерімен бірлесе отырып бұзаутаз ауруына қарсы жүргізілген емдік жұмысы төмендегідей тәртіппен жүрді.

1. Қолға қолғап киіп алу, бетті дәкемен жартылай жауып, сақтық шараларын ескеру керек.
2. Пышақты пайдалана отырып бетін қырып алып тастау.
3. Солярқамен жақсылап жуу.
4. Шоқпарбас плаунның ұнтағын алып солидолмен араластырып бетіне жағу.
5. Жұмыстың үзіліксіздігі.

Нәтижесі: 3 - 4 күнде жазылу белгісі көріне бастайды. 20 күнде таза жазылып шықты.

Жылқы малының жауыр болуы да жиі кездесетін құбылыс, сондықтан дәрі іздеп әуреленбей-ақ, кез келген көң бетінде, ауыл маңында өсетін боз саңырауқұлақты үгітіп, жауыр аттың жарасына күнделікті сеуіп отырдық, бұл жерде біз саңырауқұлақтың екі қасиетін ескердік .

1. Саңырауқұлақтан бөлінетін боверин бунақденелілерде жараға иісі арқылы жолатпайды (құрттау процесі жүрмейді).
2. Саңырауқұлақ антибиотиктерге бай, жараны жинап жазады.

10 күннен кейін жылқының жарасы жазылады.

Қазақ халқы – дана халық. Емшілік өнері өзге елдерден жоғары тұрған халықтың біз білмейтін сырлары қаншама десеңізші!? Біле отырып , оны іс тәжірибеге пайдалану кейінгі ұрпақ - біздің үлесімізде.

**Оқушылардың өздік жұмыстарын орындату үшін тексерудің түрлі әдістерін пайдалануға болады. Соның бірі сәйкестендіру тестісіне арналған танымдық каточкалар болып табылады. Ол ұстаздың шығармашылық іс-әрекетінің жемісі болмақ. 6-сыныпқа арналған танымдық мүшелерге карточкалар үлгілерімен танысыңыздар.**

**Тамырдың бөлімдері**

***Кілті:19,28,37,46,510***

| Р/с | Тамырдың бөлімдері | жауабы | | Атқарылатын қызметі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Бөліну аймағы** | | 6 | Нәзік жасушаларды жарақаттан қорғайды |
| 2 | өсу аймағы | | 7 | Қалың түктері бар бөлік |
| 3 | Сору аймағы | | 8 | Ұзынынан ұзарып, тамыр ұшының топыраққа енуін реттейді |
| 4 | Тамыр оймакшасы | | 9 | Жасушасы дамылсыз бөлінеді |
| 5 | өткізу аймағы | | 10 | Көректі затты жерүсті бөліміне өткізеді |

***Тамырдың жүйесі, түр өзгерісі***

| Р/с | ***Тамырдың жүйесі, түр өзгерісі*** | жауабы | | ерекшелігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Негізгі тамыр | | 11 | Негізгі тамырдан дамиды |
| 2 | Жанама тамыр | | 12 | Ұрықтан дамиды |
| 3 | Қосалқы тамыр | | 13 | Негізгі тамыры жақсы жетілген |
| 4 | Кіндік тамыр | | 14 | Негізгі тамыры болмайды |
| 5 | Шашақ тамыр | | 15 | Жапырақ, сабақтан өседі |
| 6 | Жем тамыр | | 16 | Қосалқы тамыр жуандайды |
| 7 | Тіреу тамыр | | 17 | Жуандайды, шырынды түйнек. |
| 8 | Ауа тамыр | | 18 | Тыныс алу қызметін атқарады |
| 9 | Түйнекті тамыр | | 19 | Паразитті тіршілік етеді |
| 10 | Емізік тамыр | | 20 | Негізгі тамыр жанама тамыр, бәрі жуандап қор жиналады |

**Кілті:112,211,315,413,514,620, 716 ,818,917,1019.**

### *Сабақтың түрлері*

| Р/с | Сабақтың түрлері | жауабы | | ерекшелігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Тік сабақ** | | 6 | өте әлсіз,жерге төселеді. |
| 2 | Жатаған сабақ | | 7 | Тік өседі. |
| 3 | Шырмалғыш | | 8 | Мұртшасы арқылы жабысып, өрмелейді. |
| 4 | Өрмелегіш | | 9 | Нәзік, басқада өсімдікпен бірге өседі |
| 5 | Қысқарған сабақ | | 10 | Сабағы өте қысқа. |

Кілті: 17,26,39,48,510.

### *Сабақтың ішкі құрлысы*

| Р/с | Ішкі құрлысы | жауабы | | ерекшелігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | өң | | 7 | Қор жинайды. |
| 2 | тоз | | 8 | Жасушасы бөлінуге қабілетті |
| 3 | тін | | 9 | Талшығы мықтының түтікшесі болады |
| 4 | камбий | | 10 | Күн сәулесін өткізеді |
| 5 | сүрек | | 11 | Оттегін өткізеді |
| 6 | өзек | | 12 | Мықтылық қасиет береді. |

**Кілті: 110,211,312,48,59,67.**

**Жапырақтың түрлері**

| **Р/с** | **Жапырақтың түрлері** | **жауабы** | | **ерекшелігі** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жай жапырақ | | 7 | Орталық жүйкеден жанама жүйкелер тарайды |
| 2 | Күрделі жапырақ | | 8 | Орталық жүйке бір жерден басталып салаланады |
| 3 | Торлы жүйкеленген | | 9 | Жүйке қатар созылады |
| 4 | Саусақ салалы жүйкелену | | 10 | Жүйке доға тәрізді түйіседі |
| 5 | Қатар жүйкелену | | 11 | Бір ғана тақтасы бар жапырақтар |
| 6 | Доғалы жүйкелену | | 12 | Бір сабақта 2 не көп жапырақтар болады |

**Кілті:111,212,37,48,59,610.**

**Жапырақтың ішкі құрылысы**

| Р/с | Ішкі құрылысы | жауабы | | ерекшелігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | өң жасушалары | | 5 | Газ алмасады, фотосинтез жүреді |
| 2 | Жанаспалы жасуша | | 6 | Жасушалары тығыз, ұзынша болып орналасқан |
| 3 | Бағаналы жасуша | | 7 | Жасушалары тығыз, хлорофил болмайды |
| 4 | Борпылдақ жасуша | | 8 | Жасушалары тығыз емес, кеңістіктер бар |

**Кілті:17,25,36,48.**

**Жапырақтың түр өзгерісі**

| Р/с | түрлері | жауабы | | Жататын өсімдіктер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тікенге айналған | | 7 | Пияз, орамжапырақ |
| 2 | Мұртшаға айналған | | 8 | Шықшылдық шыбынжұт |
| 3 | Қабыршаққа айналған | | 9 | Асбұршақ, үрмебұршақ |
| 4 | Шырынды жапырақ | | 10 | Итмұрын, кактус, кәріқыз |
| 5 | Бунақ денені аулағыш жапырақ | | 11 | Жүгері |
| 6 | Жетілмеген жапырақ | | 12 | Сексеуіл, қылша, арамсояу |

**Кілті:110,29,311,47,58,612.**

**Гүл құрылысы**

| Р/с | аталуы | жауабы | | ерекшелігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | гүлсерік | | 8 | Гүлдің негізгі бөлімі |
| 2 | Қос гүлсерік | | 9 | Иіс бөледі, шірнесі бар |
| 3 | Жай гүлсерік | | 10 | Гүл жазықтығына тең бөлі-неді |
| 4 | Бұрыс гүл | | 11 | Гүл жазықтығына тең бөлін-бейді |
| 5 | Дұрыс гүл | | 12 | Тостағанша және күлте жапырақша |
| 6 | күлте | | 13 | Тостағанша не күлте жапы-рақша болады |
| 7 | Аналық және аталық | | 14 | Тостағанша да күлте жапы-рақша да болады |

Кілті:112,214,313,411,510,69,78.

**Гүл құрылысы**

| Р/с | аталуы | жауабы | | ерекшелігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тозаң | | 8 | Аузы мен жатынды жалғастыру |
| 2 | Аталық жіпше | | 9 | Аталықтың жіңішкерген жері |
| 3 | Аналық ауызы | | 10 | Аналықтың негізгі бөлімі |
| 4 | Аналық мойны | | 11 | Сыртқы және ішкі қабықшасы бар жасуша |
| 5 | Жатын | | 12 | Жабысқақ сұйықтық бөліп,тозаң өтуіне жағдай жасайды |

**Кілті:111,29,312,48,510.**

**Жасушаның құрлысы**

| Р/с | **Жасушаның құрлысы (бөліктері)** | **жауапта ры** | | ***Атқаратын қызметі*** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ядро | | 6 | Жасушада жүретін барлық тір-шілік әрекеттеріне қатысады |
| 2 | Қабықша | | 7 | Жасушаны қоректендіреді, жасуша ішіндегі сұйықтықтың қысымын реттейді. |
| 3 | Цитоплазма | | 8 | Органикалық зат түзуге, қор жинауға қатысып өсімдікті түрлі түске бояйды. |
| 4 | Вакуоль | | 9 | Көбеюге қатысады. |
| 5 | Пластид | | 10 | Жасуша бөліктерін зақымданудан қорғайды. |

**Кілті: 19,210,36,47,58.**

**Тұқымның таралуы**

| *Таралу жолы* | *Құрлысының ерекшелігі* | **Өсімдіктер** |
|---|---|---|
| Жел арқылы | Майда, жеңіл, құрғақ. Сыртында түтіктері, қанатшалары, өсінділері болады, морт сынғыш. | Жөке, үйеңкі, бақбақ, шаған, қарағаш, қайың, терек, тал мақта, орхи-дея, қарағай және т.б. |
| Су арқылы | Сыртында су жұқпайтын түтіктер бар. Ішінде су өт-ізбейтін қалың тоз қа-бық. Өсінділері ауаға то-лы, суға батпайды, шы-ғымдылығын жоймайды. | Қамыс, жалбыз, бөденешөп, түкті күреңот, қоға, тұңғиық, кияк және т.б. |

**Ұлпалар**

| Р/с | Аттары | | | *Ұлпалардың құрлысы және маңызы* |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жабын | | 7 | Жасушалары жас, ұдайы бөлінетіндіктен өсімдік өседі, бүршіктер мен гүлшанақтары ашылады. Тұқымнан жас өсімдіктер өсіп шығады. |
| 2 | Тірек ұлпа | | 8 | Жасушалары бір-біріне тығыз жатады, сондықтан өсімдіктерді сыртқы ортаның қолайсыз жағдайынан сақтап қорғайды.. |
| 3 | Негізгі | | 9 | Жасуша қабықшалары қалың, мықты, тірек қызметін атқарады. Сабаққа, жапыраққа мықтылық қасиет беріп, сынудан, майысудан қорғайды. |
| 4 | Бөліп шығарушы | | 10 | Жасушаларында хлорапластары көп болғандықтан органикалық зат түзеді. Су, ауа жинаушы жасушалары болады.жасушалары өте ірі, онда қоректік заттар қоры жиналады. |
| 5 | Түзуші | | 11 | Жасушалары ұзын, түтік тәрізді, корек заттар мен су әр мүшелеріне өтеді. |
| 6 | Өткізгіш | | 12 | Жасуша пішіндері әр түрлі, қабықшаасы жұқа, біртіндеп калыңдайды, сүтті шырын, эфир майы, шірне бөлінеді. |

**Кілті: 18,29,310,412,57,611.**

**Гүл шоғыры**

| Р/с | **Гүл шоғыры** | | | **Өсімдік** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шашақ | | 7 | Жолжелкен |
| 2 | Масақ | | 8 | Пияз, ақшұнақ |
| 3 | Собық | | 9 | Қарақат, мойыл |
| 4 | Шатыр | | 10 | Беде |
| 5 | Шоғырбас | | 11 | Жүгері калла |
| 6 | Себет | | 12 | Бақбақ, өгейшөп |

**Кілті: 19,27,311,48,510,612.**

**Жемістер**

| Р/с | Түрі | жауаптары | | **Өсімдік аты** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Бұршаққап | | 8. | Емен жаңғағы |
| 2. | Бұршаққын | | 9. | Бақбақ, кекіре |
| 3. | Қауашақ | | 10. | Тары, күріш |
| 4. | Қанатты жеміс | | 11. | Меңдуана, апиын |
| 5. | Дәнек | | 12. | Орамжапырақ, шалқан |
| 6. | Тұқымша | | 13. | Асбұршақ, беде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | Жаңғақ | | 14. | Үйеңкі, қайың |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Эпидермис | | 8. | өзегі терінің сыртына ашылады |
| 2. | Дерма | | 9. | өзегі түктердің түбіне ашылады |
| 3. | Гиподерма | | 10. | Көп қабатты эпителий ұлпасынан тұрады |
| 4. | Тер бездері | | 11. | Нағыз тері қабаты |
| 5. | Май бездері | | 12. | Тері түзілістері |
| 6. | Шаш, түк | | 13. | Эпидермистің сыртқы қабаты |
| 7. | Мүйізді қабат | | 14. | Дәнекер ұлпасынан тұратын майлы қабат |

**Тері**

**Кілті:113,212,311,414,510,69,78.**

**Кілті:110,211,314,48,59,612,713.**

**Қазіргі кезде сыныптан тыс жұмыстың бала тәрбиесіндегі алатын орны ерекше, салауатты өмір салтын қалыптастыру деннің саулығына жол ашатын, болашақтағы мақсатты орындауға мүмкіндік беретін тәрбие. «Есірткісіз болашақ» «Спид –заман зобалаңы» жұмыстары оқушылардын әртістік өнерін аша отырып,болашағына көз жүгіртетіндей жағдайда өтілген жұмыстар. Кез келген ұстаз белгілі ән әуендеріне салып, өлең жолдарын құрастыруларына болады.**

**Есірткісіз болашақ!**

**Мақсаты:**

1. Оқушыларға темекі, арақ, наша тәрізді заттардың зиянын ашып беру.
2. Салауатты өмірдің зияндылықтары жайлы түсінікті дамыту.
3. Балаларды белсенділікке,өнерге тәрбиелеу.

**Түрі:** тапқыштар, әзілқойлар, көңілділер.

**Көрнекілігі:** денсаулық жайлы нақыл сөздер, анаграмма, магнитофон.

**Бастаушы.** Құрметті ұстаздар! Қазіргі заман талабына сәйкес денсаулық – ең басты проблеманың бірі болып табылады. Адам және қоғамның ортасындағы тепе –теңдік заңдылығынын сақталмауы үлкен қайшылыққа әкеп соғуда. Бүгінгі біздің «Тапқыштар, әзілқойлар, көңілділер» клубының тақырыбы да осы өзекті мәселеге байланысты. Олай болса, құрметті көрермендер жат әдет,жат қылықтан аулақ болып салауатты өмірге көшелік дей келе бүгінгі кештің бағдарламасымен танысайық.

**І.Үй тапсырмасымен таныстыру.**

**ІІ Пікірсайыс. «Темекінің пайдасы мен зияны»**

**ІІІ . Жорға сайысы.**

**Команда бір минутта қанша сұраққа жауап береді,сол баллмен есептеледі.**

**IY. Мақал – мәтел салауатты өмірде.**

**Y. «Үнсіздік өнері» жат қылық, әдеттерді юмормен қимыл арқылы көрсету.**

**YI. Өнер сайысы.**

Ортада «Тамаша» және «Бастау» тобы өз өнерлерін көрсетіп сайысқа түседі.

1. Таныстыру және әдеттегідей үй тапсырмасы.

Салауатты өмірдің салты қандай?

Келейік әзәзілді ауызға алмай,
Өнегелі іс , өрелі жолға түсіп,
Спорт десе жүрейік қамшы салмай,
Сол үшін үй тапсырма беріледі.
Құру үшін түрлі ойлар өріледі,
Өнері, сөз саптауы осы топтың,
Бұл бөлімде ап –анық көрінеді.

**«Бастау»** тобы.

(Бастары салбыраған «Дерт» хандығы, елдері азып – тозған халқының тұрмысы нашар , арақ- шарап әбден жаулаған, сахнаға шығады)

Өлең «Сен осындасың» А. Шевченко әуенімен.

Сонау ерте заманда,
«Дерт» деген бір қамалда,
«Сырқат» атты хан бопты.
Қатерлі жау адамға,
Кәрілік , енжарлық та.
Темекі мен арақ та,
Жаулап апты бұл жерді,
Сонау елден жыракта.
Қайырмасы:
Алға, дүниені жалма!
Бүкіл елді жаула! Алға!
Қарсы тұрайық сауға,
Ауру жайлапты бұл елді,
Қатер басты бар жерді.
Бір күні ел жиыпты,
Сауға қарсы тұрыпты.
«Саулық» ханның елінде,
Қарсы жасақ құрыпты.
Аттандырып саулыққа,
Темекіні жаулыққа,
Арақ- шарап , нашаны,
Жіберіпті жан –жаққа.
Алға, дүниені жалма!
Бүкіл елді жаула! Алға!
Қарсы тұрайық сауға.

**«Куә бол»** әуенімен бұрандап арақ шығады.

Көзімді ашсам да, қыссам да көрем сені,
Еседі шаттықтың самал желі.
Куә бол адамдар, мастығыма,
Куә бол, темекі көлеңкелі.
Қайырмасы:
Куә бол, ұйқы,
Куә бол, күлкі,
Куә бол, төбелесім.
Көп іздеп мен бүгін оны таптым,
Көп ішіп, құшақтап мені жаттың.
Ризамын, жан досым, саған бүгін,
Қарызға белшеден бүгін баттым.
Қайырмасы:
Куә бол, ұйқы,
Куә бол, күлкі,
Куә бол, төбелесім.
**«Қыс»** әуенімен билеп, темекі шығады.
Насыбайдың ағасы,
Жоғарырақ бағасы.
Темекі- мен боламын,
Анашаның сағасы.
Тез суалтып еріңді,
Бұзам лезде сәніңді.
Естеріңді жиғызбай,
Бұрандатам бәріңді.
О-О-О .
Саған қала ма? Алды – артыңа қарама,төле ақшасын
Жаның шығып бара ма?
И. Крутойдың **«Менің әлемім»** әуенімен анаша есіріп шығады .
Есіртіп мені мүлде,
Сағынып тұрам күнде.
Ақылды түгел жаулап алдың,
Санаңмен жүрем бірге.
Қайырмасы:
Мен сыйлаймын саған шаттық,
Мас болып бірге жаттық.
Инені салып қолға,
Түсесің тез-ақ торға.
Емделсең де жылдан – жылға,
Жазыларсың менен зорға.
(Мас жігіт ортада, үшеуі оны қаумалап алған. «Саулық хан» ортаға шығады.)
Саулық хан:
О, адамзат, неге мұнша жүдедің?
Ел алдында көз сүйсінер қалпыңда.
Гүлдей жайнап жүр едің,

Арақ, наша, темекімен достасып,
Адамшылық қасиетпен қоштасып,
Тұрған түрің аянышты, қаншалық.
**Жігіт:** Алдияр хан!
Денсаулықтың ордасы,
Тағдырымды бердім бүгін қолыңа.
**Хан:** Жас жігіт,
Өшпес бойда сәулең бар,
Алған улап санаңды.
Темекі мен анашадан,
Бойға түскен жараңды.
Тез арада емдеп- жазып беремін.
Мынау қазақ даласына ,
Тірлік дәнін сеуіп бүгін келемін.
Шақырайын ортаға,
Сен қадірлер қасиеттің бәрін мен.
**Ақыл, спорт, достық** шықсын ортаға,
Не дейсіңдер, ақыл берші, жігітке?
**Ақыл, Достық, Спорт-** үшеуі бірге « **Достарым»** әні әуенімен өлең айтады:
Жаман әдетпен достассаң бүгін қас –қағым,
Ойлай бер досым, өмірден қалып ақсадым.
Тарыққан кезде спортпен достас ақылмен,
Болашағың зор, шықса егер десең жақсы атың.
Жабыққан сәтте аңсадың,
Мазамды алып жаңсақ үн.
Достасып бірге жүрейік,
Әуелеп кетсін асқақ үн.
« **Түнгі Алматы** « әуенімен спортшыларша киінген топ билей жүріп ән айтады.
Бұл күндері спорт керек,
Достасуға бәріне,
Көңілді күй кешіп жүрміз.
Хан ойнайды әрінде.
**Қайырмасы:**
Бір – екі, үш алға шықшы,
Дайындалшы дем алмай.
Жарыстарда көрінейік,
Алдымызға жан салмай.
Темекі мен насыбайдан,
Қоштасатын кез келді.
Зияндығын осы отырған ,
Оқушылар дәл сезді.
**Қайырмасы:**
Бір – екі, үш алға шықшы,
Дайындалшы дем алмай.

Жарыстарда көрінейік,
Алдымызға жан салмай.
(Бәрі шығып кетеді.)
II . **«Тамаша»** тобы.
Арақ шығады.

«Бүгін Т. Құлыбеков атындағы - мектепте салауатты өмір салтына КВН өтпекші. Соған арақ пен есірткімен есірсеңіздер де, есірмесеңіздер де есік ашық. Келуге болады,-» депті.

**Темекі** шығады.
Онда ақырын басып ішіне кірейік,
Бүлдірмей ғана ішінен ірейік.
Күштің көбі біздің жақта,
Улайтын негізгі күшінді сақта.
(Қыздар өтеді.)
**Арақ:**
-Қыздар , насыбай несімен зиянды?
**Қыздар:**
-Соны білмейсің бе , досым?
Шайнап зиянды сөлін жұтасың.
Тісіңді сарғайтып ертерек құртасың.
Оның дос темекі мен арағы бар,
Есіртер сені тарағы бар.
Қала берді шарабы бар.
**(«Ал давай»** оқушылар рэп билейді)
Бұрын мұндайды кім естіпті,
Есірткі жастарды көп есіртті.
Ақыл естерін түгел жаулап,
Болашаққа үмітін шорт кесіпті.
Сондай есірткінің бір інісі,
Еліктеп жүр-ау оған бар кісі.
Насыбай деген шықты ғой.
Ыланға толы оның бар ісі,
Арақ дегенің сусын болды.
Ісіне оның тойып болды.
Барлық қазақ оған үйір
Бұл күні сондай дәулет қонды.
Ла-ла-ла
(Азып- тозған жігіт шығады)
**Жігіт:**
Есім кетіп басымнан ,
Достасыппын темекімен жасымнан.
Ішіп алып арағын,
Орманына күйіп кеттім жаланың.
Енді, міне, кімге керек азған жан,
Өлу керек, өшу керек тек маған.

Темекі түтінінің 30 пайызы таза у, олар: никотин, көмір қышқылы, ауыр металл, тұз, радиоактивті элементтер, оның изотоптары. Дәл осы құрам ең ауыр науқас-**рак** ауруына ұшыратады. Көп елдерде темекіні «қара дерт» деп атайды. Темекі орталық ми жүйесін әлсіретіп, адамның ойлау, жұмыс істеу қабілетін төмендетеді.

Темекі жақтаушы спикер.

2-аргумент «Темекі –экономика- ғылым»

Темекі өнімдерін шығару ел экономикасына үлкен әсер етеді.Мен анаша емес темекі жайлы сөз етудемін. Өнімді қолдануы:

1.Жергілікті жердің өнімдерін сату.

2. Импортты темекі өнімдерін сату кең жолға қойылған. Бұл жерде темекіні бір пайдаланған соң, одан қол үзу қиын екенін қоссақ, темекіні бірден ортадан аластау адам үшін, қоғам үшін де қолайсыз.

3-аргумент. «Темекі –емші. Танысу құралы.»

Темекінің адамның жүйке жүйесін қалпына келтіруде , ондағы қозуды басуға әсері өте жоғары. Кез келген адамнан темекіні: «Темекіні не үшін тартасыз?» дегенде, жарты пайызы: «Жүйкені басу үшін,-«деп жауап берген. Ендеше жүйкені тыныштандаруда темекі пайдалы.

Темекі сымбаттылыққа жетелейтін жол, ол толып кетуден қорғайды. Сонымен қатар танысу, қарым-қатынас жасауға темекі тартудың ролі зор. Темекі арқылы көптеген шаруалар шешіліп жатады.

**III бөлім Жорға сайысы.**

Бастаушы:

Сұрақ- жауап, бұл жерде үлкен сынақ.
Жаңылмаңыз жауапта одан бірақ,
Тез айтайық жаңылмай ойды жинап.
Кетпеңіздер жауаптан өте жырақ.

Сұрақ «Бастау» тобына

| | |
|---|---|
| 1.Биыл қандай жыл? | денсаулық |
| 2.салауатты өмір салтының досы? | спорт |
| 3.Ардың тажалы? | арақ |
| 4.XXI ғасырдың обасы? | СПИД |
| 5.Аурудың алдын алу шаралары жайлы ғылым? | гигиена |
| 6.Тістің бұзылуына алғашқы ұшырайтын құрылым? | Эмаль |
| 7.Темекі аздырады,арақ (тоздырады) | |
| 8 Қазақтың шипалы тағамы? | қымыз |
| 9.Таңертеңгі тамақ нормасы | 25 пайыз |
| 10.Ағзаға керекті кенеулі зат | ақуыз |
| 11.Темекі бірлен қай жерге әсер етеді? | миға, өкпеге |
| 12.Табиғат жайлы ұлғатты сөз? | |

**IY .Мақал- мәтелдер**

Бастаушы: Мақал- мәтел ежелден іргесі бір,
Сөз мәнін тыңдай білсең, үйлесіп тұр.
Өнегелі мағына бойында мол,
Тыңдасаңыз адамшылық желі есіп тұр.

А) темекі зиянына ә) арақтың зиянына

**Екі каманда бірінен кейін кезектесіп мақал айтып жарысады.**

**Ү. Үнсіздік өнері.**

Темекі және араққа байланысты жаман әдет- қылықтарды үнсіз қимыл өнерімен көрсету.

Қимылдың әрбірінде үлкен сыр бар,
Шеберлік оған керек түрлі қырлар.
Байқаңыз әр қимылға ден қойыңыз,
Табасыз іштерінен үлкен сырлар.

ҮІ. Өнер сайысы

## Сынып сағаты тақырыбы: ЖИТС (СПИД) - заман зобалаңы.

**Мақсаты:** 1. Дәп қазір адамзат ұрпағына төніп тұрған заман зобалаңы – СПИД тің алғашқы шарты нашақорлық, алкоголизм екендігіне көз жеткізу, қоғамға, адамдарға осы аурулардың зардаптарын түсіндіру.

2. Жас ағзаға тигізетін зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешекөмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру.

3. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Түрлі қанатты сөздер,суреттер.

**Сынып сағаты барысы:** Кез-келген адам баласы өзінің денінің саулығын, бақытты өмірін армандайды. Ұзақ өмір жасағысы келеді. Неліктен табиғаттың

Бір бөлшегі адамзатқа өмір қысқа берілген? Атлант мұхитының Канар аралындағы айдаһар ағашы 6мың жыл өмір сүреді, көптеген ағаш түрлері де осындай ұзақ ғұмыр кешеді. Ал, адамзат өзінің бір ғасырға да жетпейтін ғұмырында салауатты, саналы, мағыналы да бақытты күй кешуге тиіс. Бірақ, адамзат айналасын зиянды вирус, бактерия, улы шөптер оны сынағандай қоршап алған. Осыларды өздеріне жақындатып адам баласы денсаулығынан жапа шегеді.

Осы аудиторияда «АҚТҚ— заманымыздың ажалының үстінен ашық «сот процесі» жүруі қажет. Сол іске бәріңіздің ат салысуларыңызды сұраймыз.

**Хатшы:** Тұрыңыздар! Сот келеді! (ортаға **«сот», «жәбірлеуші», «айыпталушылар», «қорғаушылар»** ретімен шақырылып келеді.)

**Сот:** Бүгін АҚТҚ (адам қорғаныш тапшылығы қоздырғышы),ЖИТС,анаша үстінен үлкен іс қозғалып,көп жағдай тексеріледі,істі «Денсаулық» соты қолға алды, сөз жәбірленуші адам баласына беріледі.

**Жәбірленуші бала:** Мен жас кезімнен бұл іске ұрынған жоқпын, оқу үлгерімім өте жақсы, айналама сыйлы ұстаздарым мен достарыма беделді едім. Әке-шешем де менен ештеңе аямады, бәрін ауызыма тосып, кимегенді кидірді, ауызымнан шыққан тілегімді орындап отырды. Осы жағдайды мен көтере алмадым, құтыру осыдан басталды, ақ дегенім алғыс,қара дегенім қарғыс болғандықтан ойыма келегенін істей бастадым. Жаныма тәртіпсіз балаларды жақындатып,ақшаны да аямай шашып жомарт кісідей «бедел» жинай бастадым. Аузым темекіге үйір бола бастады, араққа да ауыз сала бастадым.Бірте-бірте **наша** деген пәленің де дәмін таттым,анаша шеге бастадым. Есірткіге аңсарым ауғаны соншалық,сабақты ойлауды қойдым. Бірде қатты ауырып ауруханаға

Темекі түтінінің 30 пайызы таза у, олар: никотин, көмір қышқылы, ауыр металл, тұз, радиоактивті элементтер, оның изотоптары. Дәл осы құрам ең ауыр наукас-**рак** ауруына ұшыратады. Көп елдерде темекіні «қара дерт» деп атайды. Темекі орталық ми жүйесін әлсіретіп, адамның ойлау, жұмыс істеу қабілетін төмендетеді.

Темекі жақтаушы спикер.

2-аргумент «Темекі –экономика- ғылым»

Темекі өнімдерін шығару ел экономикасына үлкен әсер етеді.Мен анаша емес темекі жайлы сөз етудемін. Өнімді қолдануы:

1.Жергілікті жердің өнімдерін сату.

2. Импортты темекі өнімдерін сату кең жолға қойылған. Бұл жерде темекіні бір пайдаланған соң, одан қол үзу қиын екенін қоссақ, темекіні бірден ортадан аластау адам үшін, қоғам үшін де қолайсыз.

3-аргумент. «Темекі –емші. Танысу құралы.»

Темекінің адамның жүйке жүйесін қалпына келтіруде , ондағы қозуды басуға әсері өте жоғары. Кез келген адамнан темекіні: «Темекіні не үшін тартасыз?» дегенде, жарты пайызы: «Жүйкені басу үшін,-«деп жауап берген. Ендеше жүйкені тыныштандаруда темекі пайдалы.

Темекі сымбаттылыққа жетелейтін жол, ол толып кетуден қорғайды. Сонымен қатар танысу, қарым-қатынас жасауға темекі тартудың ролі зор. Темекі арқылы көптеген шаруалар шешіліп жатады.

**III бөлім Жорға сайысы.**

Бастаушы:

Сұрақ- жауап, бұл жерде үлкен сынақ.

Жаңылмаңыз жауапта одан бірақ,
Тез айтайық жаңылмай ойды жинап.
Кетпеңіздер жауаптан өте жырақ.

Сұрақ «Бастау» тобына

| | |
|---|---|
| 1.Биыл қандай жыл? | денсаулық |
| 2.салауатты өмір салтының досы? | спорт |
| 3.Ардың тажалы? | арақ |
| 4.XXI ғасырдың обасы? | СПИД |
| 5.Аурудың алдын алу шаралары жайлы ғылым? | гигиена |
| 6.Тістің бұзылуына алғашқы ұшырайтын құрылым? | Эмаль |
| 7.Темекі аздырады,арақ (тоздырады) | |
| 8 Қазақтың шипалы тағамы? | қымыз |
| 9.Таңертеңгі тамақ нормасы | 25 пайыз |
| 10.Ағзаға керекті кенеулі зат | ақуыз |
| 11.Темекі бірлен қай жерге әсер етеді? | миға, өкпеге |
| 12.Табиғат жайлы ұлғатты сөз? | |

**IY .Мақал- мәтелдер**

Бастаушы: Мақал- мәтел ежелден іргесі бір,
Сөз мәнін тыңдай білсең, үйлесіп тұр.
Өнегелі мағына бойында мол,
Тыңдасаңыз адамшылық желі есіп тұр.

А) темекі зиянына	ә) арақтың зиянына

**Екі каманда бірінен кейін кезектесіп мақал айтып жарысады.**

**Ү. Үнсіздік өнері.**

Темекі және араққа байланысты жаман әдет- қылықтарды үнсіз қимыл өнерімен көрсету.

Қимылдың әрбірінде үлкен сыр бар,
Шеберлік оған керек түрлі қырлар.
Байқаңыз әр қимылға ден қойыңыз,
Табасыз іштерінен үлкен сырлар.

ҮІ. Өнер сайысы

## Сынып сағаты тақырыбы: ЖИТС (СПИД) - заман зобалаңы.

**Мақсаты:** 1. Дәп қазір адамзат ұрпағына төніп тұрған заман зобалаңы – СПИД тің алғашқы шарты нашақорлық, алкоголизм екендігіне көз жеткізу, қоғамға, адамдарға осы аурулардың зардаптарын түсіндіру.

2. Жас ағзаға тигізетін зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешекөмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру.

3. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Түрлі қанатты сөздер,суреттер.

**Сынып сағаты барысы:** Кез-келген адам баласы өзінің денінің саулығын, бақытты өмірін армандайды. Ұзақ өмір жасағысы келеді. Неліктен табиғаттың

Бір бөлшегі адамзатқа өмір қысқа берілген? Атлант мұхитының Канар аралындағы айдаһар ағашы 6мың жыл өмір сүреді, көптеген ағаш түрлері де осындай ұзақ ғұмыр кешеді. Ал, адамзат өзінің бір ғасырға да жетпейтін ғұмырында салауатты, саналы, мағыналы да бақытты күй кешуге тиіс. Бірақ, адамзат айналасын зиянды вирус, бактерия, улы шөптер оны сынағандай қоршап алған. Осыларды өздеріне жақындатып адам баласы денсаулығынан жапа шегеді.

Осы аудиторияда «АҚТҚ— заманымыздың ажалының үстінен ашық «сот процесі» жүруі қажет. Сол іске бәріңіздің ат салысуларыңызды сұраймыз.

**Хатшы:** Тұрыңыздар! Сот келеді! (ортаға **«сот»**, **«жәбірлеуші»**, **«айыпталушылар»**, **«қорғаушылар»** ретімен шақырылып келеді.)

**Сот:** Бүгін АҚТҚ (адам қорғаныш тапшылығы қоздырғышы),ЖИТС,анаша үстінен үлкен іс қозғалып,көп жағдай тексеріледі,істі «Денсаулық» соты қолға алды, сөз жәбірленуші адам баласына беріледі.

**Жәбірленуші бала:** Мен жас кезімнен бұл іске ұрынған жоқпын, оқу үлгерімім өте жақсы, айналама сыйлы ұстаздарым мен достарыма беделді едім. Әке-шешем де менен ештеңе аямады, бәрін ауызыма тосып, кимегенді кидірді, ауызымнан шыққан тілегімді орындап отырды. Осы жағдайды мен көтере алмадым, құтыру осыдан басталды, ақ дегенім алғыс,қара дегенім қарғыс болғандықтан ойыма келегенін істей бастадым. Жаныма тәртіпсіз балаларды жақындатып,ақшаны да аямай шашып жомарт кісідей «бедел» жинай бастадым. Аузым темекіге үйір бола бастады, араққа да ауыз сала бастадым.Бірте-бірте **наша** деген пәленің де дәмін таттым,анаша шеге бастадым. Есірткіге аңсарым ауғаны соншалық,сабақты ойлауды қойдым. Бірде қатты ауырып ауруханаға

жаттым,сол жерде білдім осы аурумен ауыратынымды,енді ешкімге керек емеспін,жан дүнием астан –кестен ең соңғы адам екенімді ойласам,өкініштің улы запыраны өзегімді өртейді.бірақ, бәрі кеш енді не істеу керек? Ақыл салыңыздаршы маған! (жылайды)

**Сот:**Жәбірленуші,сізді бұл күйге зорлап көндірген кім?

***Жәбірленуші бала:*** Есірткі және СПИД

**Сот:**Сұрақ жоқ болса,сөз жәбірленушінің қорғаушысына беріледі.

**Жәбірленуші қорғаушысы:** Мәртебелі сот, мен бұл заманның тажалдары анаша,СПИД дегендерді темір тордың түбінде емес,өлім жазасына кесуді талап етемін. Себебі,бұлардың жүрген жерлері тек қана өліммен, қайғымен аяқталады.Қазақстанда осы АҚТҚ инфекциясын жұқтырғандар 6000 адамды құрайды,оның 50 % СПИД пен ауырады.Олардың бәрін өлілер катарына қоса беру екрек.

**Айыпталушының қорғаушысы:** Мәртебелі сот, мен жәбірленушінің зорлаушысы есірткі дегенге мүлде қарсымын. Бұл адам өзінің ойланбай таңдауы нәтижесінде осы дәрежеге жетті. Есірткі әдейі вирусты жұқтырған жоқ,жаңылыс болуы мүмкін.Ал, вирустың өз мамандығы сол,бұл ғаламда әркімнің өз міндеті бар, СПИД сол міндетін қасиеті арқылы дәлелдеуде,ол үшін бұларды соттауға болмайды.

**Сот:**Қорғалушыларға сұрақтарыңыз бар ма?

**Халық өкілі:** Менің сұрағым, анашаға. Сіз осы бізге қалай келдіңіз?

**Сот:** Сөз анашаға беріледі.

**Анаша:**Шындықты, тек қана шындықты сөйлеймін.Мен бұрыннан осы жерде өсемін.Местныймын

**Сот:** Жауап қанағаттандыра ма?

**Халық өкілі:** Жоқ

**Сот:** Айыпкер бұл жерде тура, таза жауап беру керек, қыңырлықтан тез ұтыласыз. Жауапты тарихшы эксперттерден сұрайық.

**Тарихшы эксперт:**Сонау Америкадан келді деген пікір бізде осы уақытқа дейін болған. Ата-тектері сонау дәуірде Греция және Африка жерінде кездескен, сол кезде шөптердің түтіндерін иіскеп жүрген скифтер анықталған. Одан кейін Колумб арқылы Америкада таралған.Ресей елінде ПетрІ, ЕкатеринаІІ-лер никотиннің таралуына тіптен жол ашты. Одан Азия халқы Қытай,Ауғанстан жаппай анашаға құшақ жая бастады. Міне, Қазақстан да есігін айқара ашып отыр. Анаша осы Қазақстан арқылы Ресейге өтеді. Мен кеденшілерді де осы іске тартуды сұрар едім.

**Сот:**Менің ендігі сұрағым врач-экспертке қойылмақ. Сіз осы жазаланушылар бойынша қандай зерттеу жұмысын жүргіздіңіз?

**Врач:** Адам ағзасын зерттей келе, біз бұл дерттің өте қиын екендігін дәлелдедік. Анаша адамның жүрегін минутына 15-20 рет соқтыратын кездері болады,ол өмірге өте қауіпті. Миды улау,жүректі,бауырды зақымдау оған сөз емес. Кезектесіп ине салу күнделікті қайталанатын іс болғандықтан СПИД сау адамға ауру адамның ағзасынан жұққан. Әрі миы,жүйкесі уланған есірген жастар бәріне барады,ауруды жыныстық қатынас жолмен де жұқтырған. ҚАЗІР 80% жыныстық жолмен,20% ине арқылы жұқтырғанын анықтадық.

**Сот:** Сөз заман зобалаңы— СПИД ке беріледі.

**СПИД:** Шындықты,тек қана шындықты сөйлеймін. Мен бұл жерге сонау Америка,Африкадан келгенмін,қасиетім өте мықты, содан болу керек мен жер жүзіне тез таралдым.Менің волонтерлерім бар, ол — ЖИТС. Ол өте көбейгіш, күшті, күші нені болса да жеңіп шығуға жетеді, тасты да бұзып,тауды да қопара алады.

**Сот:** Нақтылы тақырыпқа сөйлеңіз

**СПИД:** Өзімде соған қарай келе жатырмын.Неге екенін мен адамға туғалы қаспын,оның иммунитетін құртып түбірімен жойып жіберемін.Қазір дүние жүзін жаулып алдым, енді міне Қазақстанда да еркін сайран-салып жүрмін. Менің дамуыма жағдай жасаған жеңіл ойлы қыз-жігіттерге, наркомандарға, білімсіз салақ дәрігерлерге көп рахметімді айтамын.Мен өзімді кінәлімін деп ойламаймын., бұл менің өмір сүру тәсілім, адамдар жағдай жасайды, мен соны пайдаланам.Маған қанша жыл берсеңіз де мен шыққан соң кәсібімді қайта жалғастырамын.Менің досым анашаға рхмет,менің көбеюіме үлкен жол ашты,вообще,маған үлкен карьэра болды.

**Сот:**Сіз сонда өзіңізді кінәлімін деп сезінбейсіз бе?

**СПИД:**Әрине,мен кінәсізбін, кінәлә өзін-өзі ұстай білмеген адам.

**Айыпталушының қорғаушысы:** Құрметті сот менің жәбірленушіге сұрағым бар.

**Сот:**Сұрақ қойыңыз.

**Айыпталушының қорғаушысы:** Сені бұл іске зорлап қосты ма?

**Жәбірленуші:**Жоқ..

**Айыпталушының қорғаушысы:** Көрдіңіздер ме?Бәріне өзі кінәлі,одан да неге бұл ауруға шалдықтым, Себебі неде? Басқаларға қалай сабақ беремін деп ойламай ма?

**Сот:**Сөз анашаға беріледі

**Анаша**:мен СПИД досыма достың адалдығы үшін рахмет айтамын.Мен өзім ешкімді зорламаймын, барлығына адам баласының еркі, ақыл-есі жауап берсін, егер нашар болса өзіне өзі қастық жасасын.Менің кінәм не?Бұл өмірде жақсы да, жаман да өмір сүруге тең құқылы.Бірақ, мен өзімді жамандар қатарына қоспаймын.Мені тартса адам көңілденеді,шаршамайды,басқа өмірдің есігі ашылады.Достары көбейеді.

**Жәбірленушінің қорғаушысы:** Доғарыңыз!Сен пайдалы болсаң неге айыпталушы столында отырсың.Мына бала өміріне неге назалы?Адамзат неге саған лағнет айтады.Жоқ,сені жер бетінен жоқ қылып жіберу керек.

**Айыпталушының қорғаушысы:**Мәртебелі сот, анаша шындықты айтып тұр.Сіздер тек шындықтың бетіне тура қарай алмайсыздар.Күштеріңіз болса,қолдарыңыздан келсе адам баласын түгел тәрбиелеп анашаға жақындатпай қойыңыздар.Бірақ,қолдарыңыздан келмейді, бізбен күресе алмайсыздар.Неге?

**Жәбірленушінің қорғаушысы:** Біз қоғамда үлкен белең алған бұл қасіреттен бір күнде арыла алмаймыз.Ол уақыттың үлесінде.Әлі де іс шаралар жүргізілер,адамның еркі, ақыл-ойы саналы күйге көшер.Сонда сізге жауап береміз.Сіз өте өктем кетіп тұрсыз, адамзат баласы жақсы іспен қатар, жаман

істерге де бой алдырып жүреді, себебі сол іске тартатындай әзәзіл сіздер барсыздар,қоғам мұндай жат,зиянды жағдайлардан құтыла алмай отыр. Онымен күресудің жедел шараларын жасамасақ, бұл індет адамдарды күн санап емес,сағат санап жайлап алмақ сондықтан сіздерді ауыздықтау үрдісі жүріп жатыр. Әлі де шешілмеген мәселер көп ,сонда біз сіздермен сөйлесеміз.

**Сот:** Қазір адам баласына жаппай үрдіс алуда.Жастар мешітке барады,уағыз тыңдайды,болашаққа сенеді,таза жүреді.Тағы сұрақтар болмаса, осында куәгерлер келіп отыр екен, сол кісілерден көрген-білгені жайлы сұрасақ.

**1-куәгер:**Бұл баланың осы дертке ұрынбай тұрғандағы мінез-құлқы өте жақсы,момын болатын, алдамайтын, адамға қарсы сөйлемейтін.Анаша пайдаланғалы бері күрт өзгерді өтірікті көп айтады, байланысуға дайын тұратын болды.Біз содан білдік осы жолға түскенін.

**2-куәгер:** Бала түнгі клубқа көп барып жүрді, достарының бәрінің түрлері жаман,былапыт сөз сөйлейтін. Әке-шешесі талай жылап жалынды,ал бұл бала «әке-шешем мен үшін жүгіріп жүр-ау, ертең ел жұртқа қалай қараймын» деген жоқ, болашағына есеп бермеді.Ақыры мақсаты біреу: «Қайда барам,кімнен ақша алам» деп есірткіні ғана ойлаумен болды.

**3-куәгер:** Құрметті сот,осы іске адамның өзі кінәлі деген сөзді қоссаңыз деймін.Осындай ауруға ұшыраған адам айналасына жұқтырады. Бұл бір. Екіншіден бір нашақор жылына 13-15 адамды тартады екен. Оларда қызғаныш туады, мен ақша шашып тартам, ол неге қиналмайды деген оймен істейді.

**Анаша:** Иә,адамдар өзі кінәлі ( бәрі шулайды)

**Сот:** Тыныштальныздар, жәбірленуші, сіз не дейсіз?

**Жәбірленуші:**

Бұл өмірден ерте кетіп барамын
Өкінішпен өткен күнге қарадым
Кім кінәлі,өзім бе әлде достар ма?
Кінәліні ойша іздеп санадым
Құрбан болдым темекі мен нашаға
Бұл індеттен басыңды алып, қаш аға!
Інілерім сендерге айтар ақылым
Арақ пенен темекі үшін жиналмаңдар тасаға.
Жас жеткіншек!
Өздеріңе айтып кету борышым,
Ауырсаңдар бұл кеселмен
Дәрігер де бере алмайды қол ұшын
Құтқаратын күш жоқ,онда әлсіз тірі өліксің,
Жат әдет пен анашаға жоламаңдар сол үшін!

**Сот:**Сөз қоғамдық кінәлаушығы беріледі.

**Қоғамдық кінәлаушы:**Кінәлі осы жаман қылыққа жетелейтін жат әдеттер.Қазір «героин», «гашиш», «морфин» сияқты наркотикалық заттар қоғамның жауы. Бұлармен достасқан жандар қылмыстық іске тартылады,әрі емделеді.Ендеше, қоғам індеті наша топтары,СПИД қатаң жазасын алсын деген қоғамдық пікір бар.

**Сот:** Соңғы сөз СПИД-ке беріледі.

**СПИД:**

Егіліп іштей жылама,
Беріліп маған құлама,
Сабырлы жігіт өзіне,
Қиянат сонша қыла ма?
Ойланбай басқан қадамның,
Азабын өзің көресің.
Темекі,арақ,нашаның,
Соңынан неге ересің?
Өзіңе-өзің адамзат,
Қиянат жасап келесің.
Біздерді бүгін кінәлап,
Не үшін сотқа бересің?

**Хатшы:**Сот кеңесуге кетті.

**1-сұрақ:**Жазаланушы СПИД сіз өзіңіздің өлім әкелетініңізге өкінесіз бе?

**СПИД:**Жоқ! Мен өкінсем өлім әкелмес едім.

**2-сұрақ:**Осы эпидемияның себебі не?

**СПИД:** Жаман әдет тез таралады деген сөз бар.

**3-сұрақ:**Сізбен қанша жас аралығындағылар ауырады?

**СПИД:** 15-35 жас аралығында

**4-сұрақ:** Сіздердің тұтқыннан құтылатын күн бар дегенге сенесіз бе?

**Анаша:** Жоқ,мен сіздермен қоштаспаймын.

**5-сұрақ:** СПИД,сіз қай кезде жұғасыз?

**СПИД:**Жыныстық жолмен, нашақордың ортақ инесінен, ауру анадан балаға.

**Сот:** Сот үкім етеді,қоғамға,өлім қаупін әкелген,өте қауіпті СПИД және анашаны бас бостандығынан айырып, өлім жазасына кесеміз!

**Сот:**

Заманының сорына орай келген заман тажалы.
Жас қыршынды тірлігінен үзді СПИД ажалы
Жұмыр жерді жаулап алды бұл ғасырдың індеті.
Бұл қатерді таңдап алған адам бұған жазалы.
Нашақорлық жеткізеді жерге сенің басыңды.
Орта жолдан үзіп өтер қылшылдаған жасыңды
Ине салып жұқтыратын ЖИТС ғасыр індеті.
Дайындай бер,ей адамзат,басқа қояр тасыңды.
Айтылатын ақылымның ішіндегі жүзден бір.
Жас жеткіншек болашақта салауатты өмір сүр!
Кездеседі жан жағыңнан небір адам түрлері,
Сондықтан да абай болып аяғыңды басып жүр!

**Сынып жетекшінің қорытынды сөзі:** Бүгінгі сынып сағаты қазіргі заманның ең аурулы,ең өзекті мәселесі.Ғасыр дерті СПИД-тің адам баласын жаулап бара жатқандығының себебі өте көп,ол әлеуметтік және экономикалық

мəселелер.Адам баласы өзіне-өзі жаулық істеуден тиылар емес,оған тəрбиенің аздығы,таным мен білімнің төмендігі себеп.СПИД несімен қорқыныштьі:

1.Тек қана адам ағзасын таңдағандығы

2.Тек 15 пен35 жас арасындағылардың ауруы

3.Аурудың жасырын кезеңінің ұзақтығы,айналасындағыларға бұл ауруды жұқтыру мүмкіндігінің молдығы.

4.Аурудың емінің табылмауы

Міне, ғасыр дертінің төрімізде тайраңдауы, аурудың белең алуы осыдан болар. Біздің кез-келгеніміз осы дерттің таралу жолына кедергі болып күресе білсек, қоғамымыздың дамуына бірден-бір үлес қосқандығымыз болар еді. Мен сіздерден салауатты өмір салтын дəріптеуді, таза жүруді, имандылыққа бой беруді сұраймын жəне орындалатындығына сенімдімін.

**Кештің тақырыбы: Құстар – табиғат байлығы.**

**Кештің мақсаты:**Оқушыларға құстардың табиғат байлығы, оларды қорғау қажеттілігі жайлы білім беру. 2. Шеберлік, сөйлеу мəнері, артистік өнер, билеу қабілетін дамыту.3. Мақал-мəтел, көкек өмір арқылы адалдыққа тəрбиелеу.

**Көрнекілігі:** кесте, суреттер, анаграмма, газеттер.

**Əдісі:**Мақал-мəтел жарысы,жұмбақ шешу,ой толғау,ойындар,ширату.

**Түрлері:**КВН(Т.Э.К)КВН бағдарламасы:

**Бағалау парағы:**

| Бағдарлама | Сəлемдесу | Үйге тапсырма | Сұрақ-жауап | Кім жылдам | Мақал-мəтел | Жұмбақ шешу | Эстафета | Ширату | Көкек ана Ой толғау | Сурет салу | Анаграмма шешу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Балы | 5б | 10б | 1б | 5б | 5б | 5б | 5б | 5б | 5б | 5б | 5б |
| Сұңқар тобы | | | | | | | | | | | |
| Қарлығаш тобы | | | | | | | | | | | |

**КВН барысы: І.Таныстыру (топ өзін таныстырады)**

**ІІ.Үй тапсырмасы.**

**Сұңқар тобы:**(Сахнада кептерлер дем алып жүреді.)

**Кептерлер:** Қандай тамаша ауа райы.Тамақ та көп.Бұл жерде тұқымымыз да көбейді.

**Қытай торғай**(шүлдірлеп келеді)**і:** Шон,шу,тай-фан,мун-хи-на

**Кептер:**Мынау не дейді?

**Қытай торғай:**Шон-ши-на

**Кептер:**Қытай торғай сен ел көріп жүрсің ғой, тіл білесің, мына қытай не дейді?

**Қараторғай:**Бұл құс «мына жерден кетсін, бұл менің жерім» дейді.

**Кептер:**Неге? Бұл біздің жер екенін бәрі біледі.Ата-баба ақ білектің күшімен осы жерді бермей ұстап,қалған.Қара мұны? Кіш,кіш,кет!

**Қараторғай:**Бұл торғай былай дейді: «Гос актысы бар ма,легализацияланған ба?»,-дейді.Документ сұрайды.

**Кептер:**Жоқ, аламыз да әлі, асығыстық не?

**Карторғай:**Онда бітті,бұл жер мына қытайдікі

**Кпетер:**Енді қайттім?

**Қараторғай:** «Бұл торғайдың сізге мейірі түсіп тұр,маған жалдансын,шыбын-шіркейді таситын жұмысшым болсын»,- дейді.

**Кептер:**Қайтем енді,көнем де?

Өлең **«Атамекен»**

Жасыл жайлау жатқан жерім кең еді.
Мына қытай аулыма кеп елі
Шықылдаған даусы қандай сүйкімсіз.
Тұқымдары неткен нахал көп еді

Қ-сы

Бұл жер бізге ата мекен.
Маған қытай сата ма екен?
Мені құл ғып жұмсап өзі
Қарнын сипап жата ма екен?

**Қытай торғай:**(Шаңқылдайды)

**Қараторғай:**Оу,кептер мына бастығың тек қытайша ән айтсын дейді.

**Кептер:** «Том-по –хо,тай-фан –шоң»,- деп әндетеді.(Бәрі шығып кетеді)

(Сұңқармен тауық кіреді)

**Сұңқар:**Мен осы адамдарға өкпелеп жүрмін(Ауыр күрсінеді)

**Тауық:**Неге?

**Сұңқар:** Неге дерің бар ма? Бізді көрсе арыстан көргендей көздері қызарып шыға келеді.

**Тауық:**Бәсе, көздері қызарған соң көрмей қалады екен ғой,осымен үш үй ауыстырдым.Бәрі шатасып мені иемденіп алады.Бұл адамдарға не болған?

**Сұңқар:**Ой, олар шатаспайды, ұрлайды.

**Тауық:**Бәсе,ойпырымай жұмыртқаламасыңа қоймайды,жылы су,известь беріп асқазаныңды құртады.Әуелі,әтешке де жұмыртқала деп жатқаны.

**Сұңқар:** Дұрыс,сендер бюджеттесіңдер ғой, жем жейсіңдер. Біз ше,ауылға іш тартып жақындасақ иті бар, баласы бар, рагаткасы бар түгел жабылып қуады.

**Тауық:**Әй,Сұңқар, бәрі құрсын. «Сұңқар шашып жейді,күйкентай басып жейді» деуші еді, бір нәрсең бар ма?

**Сұңқар:** Ой,бізге нарық кіргелі қашан?Қазір шашуды емес,ауылдан қашуды ойлап жүрмін.Шетелге көшейін деп жатырмын.Арабтарда менің бағам доллармен есептеледі.

(асып-сасып,ойбайлап күйкентай келеді жылап).

**Күйкентай:** Аттан!Аттан!Ойбай балалар қуып келеді.Өлтіретін болды.Көмектесіңдер!

**Сұңқар:**Келіп көрсін! Не істер екенбіз! (Кужірейіп)

**Тауық:**Сіз төбелесіз бе? Сұңқар!

**Сұңқар:**(басылып қалады) Әйтеуір айтқаным да

**Тауық:**(Қорқып тұрғанын түсініп) Құрсын сұңқар шырақ,ерегесіп қайтесіз.Одан да менің ұяма кіріп тығылайық.Маған тиіспейді. ( балалар келіп,іздеп кетіп қалады)

Күйкентай риза болып ән айтады:

**«Достарым»** әні әуенімен

Қиналған кезде қасымда ылғи достарым,
Қандай істе де сендерден ары аспадым.
Адамнан қашып жүргенде маған пана боп,
Жұбатар кейде қанатты осы достарым.

Қ а й ы р м а с ы:

Есімде ылғи қашқаным,
Жеріне аяқ баспаймын.
Шыбын шіркейі көбейсін,
Көрерміз сонда сасқанын.

(Музыка ойнап, балалар құстарды келіп атады,өздері РЭП әуенімен билей жүріп өлең айтады:)

Біздер құстардың бәрін құрттық
Қанатының бәрін түгел қырықтық.
Рогаткамыз біздің өте жылдам
Өлтіре салып біздер зыттық

Көресің сен бәлем
Біз жоқ болсақ.
Мақтанып кетесіңдер
Атуды біз қойсақ.

Кейін өкінбейміз
Сендерді таппай
Өсіріп аламыз
Тұрмай- жатпай

**(Шымшық пен қарға сахнаға шығады)**

**Шымшық:** Сен кімсің?

**Қарға:** Мен аққумын

**Шымшық:** Сен аққу болсаң неге қап-қарасың?

**Қарға:** Менің әкем шахтада көп жұмыс істеген мен содан қап-қарамын. Ал, сен кімсің?

**Шымшық:** Мен,бүркітпін.

**Қарға:** Ой, сен неге кіп-кішкентайсың? Бүркіт-ол иықты,қанаты 2 метр болуы керек.

**Шымшық:**Мен жас кезімде көп ауырғанмын, содан кішкентай болып қалдым. (жүгіріп ойбайлап қараторғай шығады,жанында рогаткалы бала бар)

**Қараторғай:**Әй,бала, мына мені неге атасың? Көзім-ай,көзім.

**Бала:**Өзің ғой көз алдымда көлбеңдеп ұшып жүріп алдың.

**Қараторғай:** Осы сендерге бізді атпа деп тәтейлерің айтпайды ма?
Көресіңдер «Дабыл,дабылға» түсіріп масқара етем.
**Бала:**Ойбай,атай көрме, мә құрт жейсің бе? Жеші!
**Қараторғай:**Құртың құрсын!
**Бала:**Онда өлең айтып берейінші. **«Кінәлама»** әні әуенімен
Кінәлама мені дос кінәлама,
Кінәлауға болмайды оған бола
Құсты көрсем жыным бар қызып кетер
Соттамайды біздерді соған бола

**Қ а й ы р м а с ы:**
Қиналамын ата алмай торғайларды
Көздей алмай сол кезде сор қайнайды
Пайдасына мән беріп жатқаным жоқ
Өлтірдеген шайтан ой бір қоймайды

Сыйламасаң сыйлама бізді бірақ
Қылық бар ғой сенде де торғай шырақ
Құртты жемей,бақшаға әуес болмай
Көзден таса жүрсейші елден жырақ.

**Көрініс:**

**Кептер:**Құсшы мен сенің бұйрығыңды орындаймын хатыңды аман жеткіземін,мен сенің досыңмын

Құсшы: Құсым едің жан ұғатын
Биіктеп ұш сәлем айт!
Орында да тапсырманы
Тезірек сен елге қайт.

(Кептер жараланады)

**Кептер** --мен өлемін, мені атқан Жүсіп жауыз!Өшімді ал!

Құсшы:Қайтесің,ол мені де атады келесі серияда, сағат $7^{00}$-де.Сау бол!

(сот шығады,ортаға жараланған құстар,рогаткілі балалар шақырылады)

Өлең **«Ләйлә қалқам»** әуенімен.

Қолыңа салып шынжырды
Ісіңе бәрі қынжылды
Жылап отырсың мөлдіреп
Мен атпай-ақ ол өлді деп
Қ-сы
Жас өркенім қалқам-ау
Айт шыныңды алқаңа-ай
Шырылдап ұшқан құстардың
Көз жасы сенің арқаңда-ай
Шығарма деймін үніңді
Көрмейік атқан біріңді
Батыр едің ғой құс атқыш
Қарашы мына түріңді

**Сот сөйлейді**

—Біз сот процесінде өте бұзықтық іс жасаған қарулы топты айыптағалы отырмыз. Бұл топ 3-сыныптан бастап қаруланған, қаруы екі ашалы рогатка, үні шықпайды, оғы тастан жасалынған. Айыры қара ағаш, резеңке, противогаз. Сот үкімін жариялаймын.

1. Қаруы тәркіленсін
2. Биология пәнінен тоқсанға 2 қойылсын
3. Жазда тәжірибе учаскесінде 25 күн жұмыс істесін.

Балалар басын көтеріп **«Қимай сені барамын»** әуенімен ән айтады

Қиналып біз отырмыз ісімізден бүгін
Батыр жігіттердің бұл көріп тұрсыз түрін
Қош бол енді рогаткі,ұрлық-қорлық қалсын артта
Ұмытайық еске алмай бірін

Қ-сы
Құстар қайдасың?
Бізге пайдасың
Бітіріп алсақ
Аспандағы айдасың.

Үй тапсырмасы осымен болып тұр ғой таман
**Адам-қоғам-табиғат** бәрі болсын аман
Риза болсын көпшілік қолдан келген осы өнерге
Шындық жақын болды бір қадам.

**II «Қарлығаш» тобының үй тапырмасы**

**Хатшы құс:**Жиналыс болады!Құрылтай жиналысы (Құстар жиналады) Қане,құстар түгелсіздер ме?

— Ең шабан үйрек жоқ.

— Мейлі кешіге берсін,ол ең соңынан ұшады.

Сіздер, осы Индия елінен сонау Алматы обылысына қарай ұшасыздар! Көбейіп қайтуларыңызға тілектеспін. Қарлығаш, зиянды жәндікті көптеп жеңіздер. Жолдағы кедендерге беретін ақшаларыңыз қалталарыңызда ма? Сәт сапар!

(Бәрі кетеді, Қарлығаш пен Қараторғай ұшып келеді.)

**Қараторғай:** Сен қайда барасың Қарлығаш? Мен Шоқан ауылына барамын

**Қарлығаш:** Қоянкөз ауылы менің туған жерім, сол жерге барамын.

**Қараторғай:** Ой,ол жақтың жолы жаман деуші еді ғой. Халқы көп көшіп жатыр, сенің тұратын үйің ендігі Сарыөзекке көшіп кеткен шығар,үйін бұзып.

**Қарлығаш:**Мейлі,туған жердің аты туған жер.

(Көкек келеді жандарына)

**Көкек:**Достар,ұштық па?

**Қарлығаш:** Біз сенімен қашаннан дос едік,аулақ.Жолдағы кедендерде тоқтап дем алып келерсің асықпай. Байқа, Спидті жұқтырып алма.Итак,Қазақстанда СПИД көбейіп келеді.

**Көкек:** Это,не ваше дело!

Краторғай ән айтады: **«Сен осындасың»** әні әуенімен.
Бүгін ұшып келеміз
Күшімізге сенеміз
Туған жерге оралып
Рахат күйге енеміз
Қалғымаңдар қанат қақ
Жол ұтыңдар сағаттап.
Жол ұтындар сағаттап.
Сағындық қой ауылды
Шыдай алмаспын тағаттап
**Қайырмасы:**
Қайда?Біздің ауыл қайда?
Әрине елеусіз сайда
Тез жетейік бұл айда

Көктем келді жайнаған
Басталды өмір қайнаған
Құстар қайтты еліне
Асыр салып ойнаған
Бақыты өмір басталды
Ұйқы мүлдем тасталды
Жұбын іздеп әр құстар
Нағыз думан басталды.
Қайда?Біздің достар қайда?
Орнықта ма мықты жайға?
Мен де тұрам бұл сайда.
**(Дәрігер қарға отырады)**

**Кептер:**(Күрк-күрк жөтеліп кіреді)Жолдас дәрігер мына шетелдік құстар бізге ауру жұққызып,бәле болды.Өкпеден өкпе қалмады.

**Дәрігер:**Қай жеріңіз ауырып тұр.

**Кептер:**Бүкіл өне бойым қақсап,22С нервым шаншып,600 қан тамырларым тұншығып тұр.

**Дәрігер**(Ашуланып)Кім ол сізге ауру жұққызып жүрген?Көрейін оны!

**Кептер:**Ол қытай торғайы.

**Дәрігер:**Шақырыңдар!

(Қытай торғайы келеді)

**Қытай торғайы:**Сіз мені шақырдыңыз ба мырзам?

**Дәрігер:**Сен неге бізді бүлдіріп жүрсің,құс тұмауын неге таратасың?

**Қытай торғай:**Мархабат,кешірім сұраймын халқымнан,менің ешқандай ауруым жоқ.

**Дәрігер:**Қане тайып тұр бұл арадан,әбден басындыңдар!

**Қытай торғай:** Мырза, сізбен оңаша сөйлесуге бола ма? Кептерлерді не қыласыз, олардан не пайда? Өздері бір орнынан көшпей отырған соң ауру жұққызған ғой.Одан да екеуміз келіспейміз бе? Проблеманың керегі не? Мына

аванссізге.
**Дәрігер:**Қанша?

**Қытай торғай:**1000 евро

**Дәрігер:**(Ақшаны қалтасына салып алады. Кептерге келіп ұрсады)Сендер өздерің тазалық сақтамайсыңдар?Сендерге дереу СЭС-дан кісі жіберіп штраф салдырам.

**Кептер:**Мен арызданам!

**Дәрігер:**Сен арыздану үшін:

1)Жердің салығы; 2)өтем квитанциясы;3)Страховой полюс; 4)РНН

5)СИК; 6)Жеке куәлік; 7)Домовой; 8)Жер картасы; 9)Гос акты; 10)Денсаулық туралы анықтама; 11) зәр анализы; 12)Қан анализы; 13)Рентген; 14)Аурудың тарихы т.б керек.Дұрысы сен арызданба.Үйіңе барда қойдың майын шайыңа қосып жата бер.

**Кептер ән айтады:**

**«Күміс құмған»** Әні

Айналайын достарым қал жақсы ма,ей?
Сәлем айтсам бұл күнде бір жақсыға-ай.
Қағаз ғана кемірген қайран елім-ай.
Бойыңдағы таусылмас ар жақсы ма,ай?

Қ-сы

Көзін жұмған –ай,
Мынау тұрған-ай.
Сатылып тұр ақшаға
Мынау құрған-ай.
Біріншіден не жаман,ақша жаман –ай,
Екіншіден жеріңді сатқан жаман-ай.
Қорлағанға шыдамай ессіздерді-ай
Ата-баба аруағы атса жаман-ай.

Қ-сы

Мына заман-ай,
Түрі жаман-ай.
Қолдан келер амал жоқ,
Болсын аман-ай.

(Екі қарға шығады, төбелесіп,жерге таласады)

— Мына жер менің жерім.
— Неге?
— Госактым бар.
— Өй,сен телевизор көрмейді екнсің,жер сатылады.Ақша шешеді бәрін,қарғам.
— Бір кезде қап-қара болған Панфиловтың қарғасы едің,Қоянкөзге келіп қарқылдап жетісе қалыпсың.Кешегі құрт ұрлағаныңды көрсе Сәтен тәте қанатыңды бір талдап жұлар.Көресің айтамын.
— Әй, қарға қарғаның көзін шұқымайды
— Қазіргі қарғаларға бәрі бір бірінің көзін бірі шұқи береді.

(Құстар ұя салуға дайындалып жүр)

**«Куә бол»** әнімен бәрі жұптасып билейді.
Көзімді ашсам да,қыссам да көрем сені
Не деген дауысың керім еді
Екуміз қсылып үй болайық
Үлкендер батасын беріп еді
Куә бол, аққу
Куә бол,гәкку
Куә бол, бүкіл құсым.
Көктемде сені іздеп әзер таптым
Шоғына өртендім махаббаттың
Айрылмай жүрейік қос аққудай
Қуаныш нұрына бүгін баттым.
**Көрініс** (Қыз бен Жігіт шығады)
— Ой,Чао!
— Привет!
— Қайда барасың сүйіктім?
— Барға, маған балмұздақ әпересің бе?
— Әперейін,әлбетте.Осы сенің атың кім
— Көкек!
— Көтек! Кешір маған аққу керек еді. (қашады)
**Көкек:** Махаббат мәңгілік дейді бірақ,мен оған сенбеймін.Көкек,көкек.
**«Мой мир»** әуенімен.
Көкек атым бұрыннан
Жас көрінем сұрымнан
Жұмыртқа тастап басқа ұяға
Қарғысқа әбден ұрынғам
Қ-сы
Кінәлі оған жастық,
Кінәлі оған мастық[2]

Ойлайтыным күлсек тек,
Көңілді біз жүрсек деп
Тастанды балапан көбейіп
Көңілді өмір сүрсек тек
Қ-сы
**Жігіт** шығады: «Зима» әні әуенімен.

Менің ойым басқада
Тез көзіңді аш, қара
Жеңілтек қыз көкектер
Толып жүр ғой масқара
Қазақ қызы ұяң ек
Ұят намыс жияр ек
Шектен шықса есіріп
Ел жұрт болып тияр ек

О-О-О Ауыл,қалада
Әдет деген қалама
Көкек көбейді
Бала тастап далаға.

Неге сонша азады
Алдыда ғой азабы
Білімді,әрі ибалы
Бәрінен сол озады
Ұрпақ өсір әдепті
Таста жаман әдетті
Ел боп түгел емдейік
Балталайық бұл дертті.

( **«Елім менің»** әуенімен Бүркіт шығады)

**Үндеу оқиды:**

Құрметті Қазақстандықтар! Біздер ұлттық қасиетті жоғалтпай ұрпақтан— Ұрпақ қа өнегелі іс,өрелі жұмыстарды сақтап, туған жердің құдіретін түсініп, озық ойлы ұлтшыл болуымыз шарт. Ана— өмір бастамасы. Ұрпақ тәрбиесінде халықтық дәстүр, ұлттық иба – ізетті сақтап, атымызға кір келтірмей, елімізді өркендететіндей жолды таңдап алуымыз керек!

**Бәрі шығады құсша киінген**

**«Түнгі Алматы»** әні әуеніменен.

Бұл күндері ойланайық
Жеңіл жолға салынбай
Ұрпақтарың өсіп жатыр
Уызына жарымай
Қ-сы
Қиналсақта өсірейік
Қиындыққа төзейік
Ата-ананың парыз күшін
Болмысыммен сезейік

Тастап кетпей басқа ұяға
Тек өзіміз басайық
Мәпелейік өсірейік
Ерен ерлік жасайық.
Қ-сы

**ІІІ бөлім құстарға байланысты сұрақ-жауап.**

1-Сауысқанның ұясын , қарғаның ұясынан қалай ажыратуға болады?

**-Қарғаның ұясы жазда сопақша келеді...ал сауысқанның ұясы дөңгелек және төбесі жабылған болады.**

2 Қай құс итше «үреді»

**-Ақ кекіліктің аталығы көктем кезінде иттің үргеніне ұқсас дыбыс шығарады**

3.Қандай құс ұя жасамайды ,шұңқырлар мен құмды пайдаланады ?

**-Құмды жағаларда өмір сүретін шағалалар мен ұзын тұмсық куликтер**

**-Қандай құс балық сүйегінен ұясына төсеніш жасайды-Үлкен басты балықшы балық.**

4. Қай құста тіс болады?

**-Жұмыртқада жтқан балапанның тұмсығында бүртігі болады. Сол бүртіктің көмегімен жұмыртқаның қабығын сындырады, оны басқаша «Жұмыртқаның тісі» деп атайды. Балапан жұмыртқадан шыққан «тіс» түсіп қалады.**

5.Қандай құстың балапаны анасын білмейді?

**-көкек**

6. Қандай аң құсша ұшады?

**-Жарқанаттар және ақтиындар**

7. Құстың жараға беріктігі –жазда ма, әлде қыста ма?

**-Күзде, себебі күзде қатты семірген құстың қауырсындары мен қалың майы атылған бытырадан сақтап қалады.**

8. Ең ұйымшыл құстар?

**-Шілдер**

**ІҮ.Кім жылдам?**

**Сұңқар тобына арналған әңгіме жұмбақ.**

Дина мен Сәуле **ұзақ** сырласты.. Ұзақ әңгіменің соңы айдаладағы ел көрмеген жәндікке көшті. Екеуі жарыса **көп термиттер** жайын әңгімеледі. «Құмырсқа тәрізді еңбеккор, бірлесіп өмір сүреді, **қаза**қта «еңбек етсең емерсің» дегендей, **бұлар** өте жұмыскер болып келеді» деді Сәуле. Дина өзінің кітаптан оқығандарын қызықты етіп айтып берді. Олар осылай тұрғанда жандарына **Қарға**бек келді. Астында аты бар аң аулауға, кансонарға шығыпты. Оның әңгімесі тіпті қызық. Аяқ астынан боран көтеріліп, **тау ық** болсын деп бір жартасқа тығылады, жартастың қуысында бір **күшік ені** бар атып шығады.Сол-ақ екен қуып береді бірақ, жете алмай қалады. Жолай Айтқазыға жолығып, біраз әңгімелесіп үйге **құр** қайтады. Келсе әжесі **бір қазан** ет асып отыр екен.Ол бір табақ етті **тауыс**ып алды да, б**үкі**рейіп қисая кетті. Түс көріпті түсінде адасып жүр екен, айналасы **құм**, **ай** үстінен төніп тұр, жап-жарық, атын бір ағашқа байласа жіп жетпейді, аты жақындамайды. Өте жуан ағаштың аты -баоба**б** **үркіт**іп жақындатса ше? Ит**шіл**еп әзер байлады.

**Қарлығаш тобына арналған әңгіме- жұмбақ.**

Көктем шыққан кез. Жылғалардан су ағып, жер көгере бастаған. Кентай аңға шыққан, таң атқан кез, жердің беті **шым**, **шық** үстінде мөлт-мөлт етіп аяқты сулайды. Бұларға бірақ та, түк те кездеспеді.Үйіне бос қайтты. Әйелі **Ақтоты** жолдасының аңнан **құр** қол қайтқанына жүдеп қалды. Әңгіме үстінде **бір қазан** ет асып көршілерді шақыратынын айтты. Ақтоты үйге келсе Кентай күй тыңдап отыр екен, **күй** **Кентай**ға қатты ұнаса да, бірақ қонаққа баруды қуана қабылдады. Б**ұлар** кірмей тұрып,ақсақалдар бас**қарған** топ орналасыпты, жастар есік жақты иеленді. Ас келіп қолдан-қолға ба**с** **ауысқан** кезде, бір құлақ

Кентайдың баласына тиді, бұл ба<u>ла</u> <u>шын</u>ашақатай боп есікте отырған. Бәрі риза боп тарасты.

**IV.Жұмбақ шешу**

1. Қаздан ірі салмақты
Аққу мойын сұлу құс
Сондықтан да ардақты
Су түбінен іздейді
Жемтіктерін жан-жақты. **(қоқиқаз)**

**2.**»Ең ірі құс» атағы
Қыр төссізге жатады
Жүгіруден жан салмай
Барлық құсты матады. **(түйеқұс)**

**3.**Көреді көзі қияны
Болаттай мықты тұяғы
Тектілігін көрсетер
Шыңға салып ұяны. **(Бүркіт)**

**4.**Денесі сұлу таралғн,
Адалдықтан жаралған
Тіршілік үшін шырылдап,
Масадан жолда қн алған
Адамның досы саналған.

**(Қарлығаш)**

**V.Құстарға байланысты мақал-мәтелден жарыс.**

**Мақал-мәтелдер.**

1.Қарға алғыр болса да,
Қаршығаның орын баспас.
2.Қаз шөлде жүрсе де,
Көзі көлде болар.
3.Қырдағы қырғауылды қуамын деп,
Үйдегі тазыңнан айырылып қалма.
4.Қарлығаш көктем нышаны,
Дегелек екелді,жаз келді.
5.Қаз бен үйректің таласы көл,
Жесір мен жетімнің пансы ел.
6.Өзі карға болсада,
Бак дәулеті сай болсады,
Жер жарады қаңқылы.
7.Шымшық сойса да қасап сойсын.
8.Қарғаның карқ дегені өзіне қуаныш.
9.Қарға-карғанын көзін шұқымайды.
10.Аққуды атпа,
Досыңды сатпа
11.Ұяңда не көрсең,
Ұшқанда соны ілесің.
12.Абайлап ұшпаған құс,

Қанатынан айырылар.
13.Отансыз адам, Ормансыз бұлбұл
14.Аққу құсқа оқ тисе, қанатын суға тигізбес,
Ер жігітке оқ тисе, қиналғанын білдірмес.
15.Бұлбұлға бау жақсы,кекілікке тау жақсы.
16.Күшіне сенген құстай ұшады,
Дұшпанына сенген мұрттай ұшады.
17.Кептер болып туылсақ,қарға болып өлме.

**V. Эстафета. Құстардың атын атап кезектесіп екі топ жарысады.**

**VI.Ширату – екі топ бір-біріне ой қозғауға байланысты көріністер жасайды. Екінші топ не көрсетіп жатқандығын шешеді.**

**Ұстаз еңбегінің жемісінің бірі өзі сынып жетекші болған оқушыларын ұядан қимай шығарып салу. Мектеп бітіру кешінде әр оқушысының жеке қасиетін әбден зерттеген ұстаз үшін оларға арнау шығару, сол арқылы оқушыны ортаға шақыру кештің ажарын ашады.**

**Түлектеріме.**

Армандап міне ойлаған сәтте келіп тұр.
Қимастық көңіл бойымды кернеп
Жүрегім бір сәт еріп тұр
Мектебің сенің екінші үйің біз бармыз
Ұмытпай бізді сәлемдесуге келіп тұр

Екі қызым менің қанатым болдың бәрі есте
Айжан,Құралай бастаушы болып бар кеште
Озық ойыңды көрсетіп ылғи көш бастап
Қиналған кезде түседі –ау кейде бәрі еске

Динарам менің ақ көңіл жас баладай
Тура айтады бас көзіңе қарамай
Сыныпта мынау тыныш жүрген Асхатым
Орындалсын шыға берсін жақсы атың

Қысылған кезде Саматым келер жаныма
Жеңілдеп қалам ауыр істерден арыла
Саған ұқсайтын шәкірт тапқанша ендігі
Қиналған сәтте еске алармын сағына

Ойламаңыздар оқушыны сонша пұлдайсыз
Демеймін кейін шәкірттен мүлде жұрдаймыз
Шарапат қызым көмекшім әрі серігім
Ендігі сәтте кездесер ма екен мұндай қыз
Мәлісім әні үндемес менің момыным
Әкесіне ұқсап келіп тұр сенің порымың
Бұлан,Еділдер оң қолым болды бар істе

Бүйірімде бөлек жатады әркез орының

Аңқылдақ Ерік басқарып істің барысын
Жетелеп жүрдің спорттың бүкіл жарысын
Салмақты Талғат бумажник ұстап жігіттей
Ақша жинасаң бірінші берер табысын

Мөлдірім сондай аңқаулығына баға жоқ
Сымбаты қандай, көркіне сондай көңіл тоқ
Айгүлім анау үндемес,ойы ішінде
Небір сырларын сақтайды айтпай ішіне
Айнашым анау жымиып қана тұрады
Ішінде оның қоятын бізге сұрағы
Ақылы қандай,сабыры қандай үйлескен
Бір үйдің жалғыз желкілдеп өскен құрағы

Медхат пен Мақсат мінезі сондай сабырлы
Алды екен кімнен мың салмас шіркін сабырды
Үндемей жүріп тындырды біраз ісімді
Сүймейді абыр-сабырды

Мәдинәм әні сегіз қырлы бір сырлы
Көрмейсің оның ішінде жатқан бір сырды
Әйгерім қызым ұқыпты барлық ісіне
Ұнайды оның сыпайы түрі кісіге

Ерте есейеген қос Қанат менің қимасым
Пікірлеседі қай кезде менің сырласым
Анар қызым бар мектептің белді әншісі
Жырласа әнді осы Анарым жырласын

Жаңадан келген Нұрлыбек жақын кісіге
Сөз естіп қалам кейбір істеген ісіне
Аңқылдақ ашық мінезің маған ұнайды
Қамқоршы болып жүресің ылғи кішіге.

**Оқушыларыма арнау**

**Құралай:**

Сөздері сондай жалынды
Барлық істе де алымды
Қошеметпен қарсы алайық
Құралай сынды дарынды.

**Айжан:**

Айжан қыз сондай білімді
Игерген талай ілімді
Олипиададан жүлде алып облыста
Дарындылар тізіміне ілінді
Білімділігі білінді.

**Мөлдір:**

Жастайынан өнер-білім бойға бәрін тоқыған
Жатпай-талмай кілең беске оқыған
Мөлдір қызым әрі биші,әрі әнші
Арманына жете берсін осыдан
**Мэлс:**
Спортпен әбден достасқан
Мінезі жайлы о бастан
Көп үміт біз күтеміз
Шымыр да мықты бұл жастан
**Асхат:**
Сыныптың ойлы Асхаты
Шыға берсін жақсы аты
Тарихты сүйіп оқиды
Орындалсын мақсаты.
**Шарапат:**
Шарапат істің шебері
Жан-жақты қыз аталды
Қыз сынында бас жүлде
Иегері атанды
**Мадина:**
Қызымыз ортадағы Мадина атты
Өнер мен білімімен елге жақты
Қыз-сын байқауында бас жүлденің
Иегері атанып белгі тақты
**Қанат:**
Жас баладай ерке,әрі ақылды
Қанат ылғи балалыққа жақынды
Шыға берші биіктерден биікке
Болашақта естиік зор атыңды
**Анар:**
Мың бұрала билесе
Шұғыла деп қаласың
Ойы сондай тұнық-ақ
Жақсы әсер аласың
Жүреді ылғи ойлана
Жақсы менен жаманның
Ажыратып арасын.
**Нұрлыбек:**
Жаңа келген ауыстырып тұрағын
Аңқылдаған Нұрлыбектей шырағым
Алда енді асулардан сүрінбе
Болашақта жарқырасын шырағың.
**Динара:**
Динара біздің ақ көңіл
Көңілі жас баладай

Тура айтар кезі көп
Бет көзіне қарамай
Дәрігер болу арманы
Денсаулықты саралай.
**Әйгерім:**
Жайнап өскен қызғалдақтай қырмызы
Тұңғыштары жанұяның бұл қызы
Шет ел тілі ұнатқаны жасынан
Ұстаз болып жарқырасын жұлдызы
**Айгүл:**
Айгүл сондай сыпайы ғана сызылған
Айналып қана кетейік мұндай қызыңнан
Қасиеті көп бойында жатқан жасырын
Ата -ананың үміті мол бұл қызынан
**Анар:**
Бұл қызым бар өнерді бойға жиған
Шіркін-ай бір тұлғаға қалай сыйған
Жемісін же өнер мен біліміңнің
Кезің жоқ ұстаздардың сөзін қиған.
**Медхат:**
Көрінесің әлі де бала сынды
Бойыңда әдеп,ізет жарасымды
Ал,Медхат ел сенімін ақта енді
Міне,үлкен өмірге жол ашылды
**Гүлім:**
Кім білмейді Гүлім қыздың өнерін
Мектептегі бір өнерпаз сен едің
Домбыраның тәтті күйін шертетін
Бір биіктен шығарыңа сенемін
**Самат :**
Әскери жан болмақшы,туған елін қорғайтын
Саматтың зор талабын, ұстаздар көп қолдайтын
Бір тоға жан, әрқашан достарына сенімді
Жолың болсын, шәкіртім, адал қорға еліңді
**Мақсат:**
Көп ойланып кім болам деп,
Ой үстінде жүреді.
Ата-анасын қуантарын,
Түбінде ол біледі.

***Ұстаз арманы (монолог)***

**Ұстаз:** Арманның жетегінде жетеленген
Аққуы мен бір үйдің мәпеленген
Таңдаймын ағартушы ұлы жолын
Ұстаздық тұғыр биік етенеден

Ойыма болашақта жетем бе екен?
**Дауыс:**Ұстаз болу қиын жол ойланыңыз
Көп адам орта жолда айнып кетер
**Ұстаз:** Жо—жоқ, айта көрмеңіз оны бекер
**Дауыс**–Білмеймін, арманыңа жетер ме едің?
Ал,егер жеңіл ойлы, ойы таяз
Қиын бала кездессе нетередің?
**Ұстаз:**Ақыл менен сабырға жүгініп ап
Тентектің сеніміне өтер едім
Жеке тұлға болуға көмектесіп
Мәңгіге досы болып кетер едім
**Дауыс**—Ата-ана көп орынсыз заңқой бүгін
Сыбап-сыбап алатын тұқым түгін
Шайпау әйел,томырық әкелер көп
Қалай жеңіп аларсың оны күнім
Қиын ата-анаға нетередің?
**Ұстаз:** Ашу-ыза тігісін сөгер едім
Ақыл-оймен мен әркез көгеремін
Өремнің биіктігін ата-анаға
Көрсетуге терімді төгер едім.
**Дауыс** —Талабы ұстаздардың өте биік
Жүргендер көп бұл күнде аузы күйіп
Білікті маман болу бұл күнде шарт
Шаршасаң жұмыңнан нетередін?
**Ұстаз:** Талаптың мінемін мен тұлпарына
Дәнін себем білімнің ұрпағына
Шаршасам дем беретін шәкіртім бар
Келгенде мектебіме тұр сағына
**Дауыс**— Десекте еңбектері өте ерен
Айлығы ұстаздардың әлі төмен
Бір айлық-бір айлыққа жетпей жатқан
Кедейлік келсе егер не етер едің?
**Ұстаз:**Аш жүрсем де нәтижеге жетер едім
Көңілімді өзім-ақ көтеремін
Оптемистпін-шәкіртім бар байлығым
Сол байлыққа риза боп өтер едім
Қандай қиын кезеңдер болса дағы
Ұстаз жүгін иығыммен көтеремін.

Менің туған жерім - Қоянкөз, ел аузында аңыз боп тараған киелі жер, тарихи сыры мол ел. Дәл күншығыс жағымызда басқалардан шоқтығы биік шоқыда Қоянкөз апамыздың денесі жатыр. Ақылы мен даналығымен, тарихта қалған апамызды осы жерге әкелген, киелі топырақтың күші ме? Ауылымыздан 2-3 шақырым жерде аққан жұлдыздай болған ғалым Шоқан данамыздың денесі жатыр. Бұл да бекер емес, бір табиғи үндестік, сиқырлы күштің әсері болуы

керек. Сәуірбек Бақбергеновтың «Ақбоз атты ару» романында Шоқан мен Тезек төренің қызы Айсараны осы шоқы үстінде қара сөзбен сырластырады. Екі ғашықтың сырларын мен өлең жолына айналдырып тәрбие сағатына пайдаландым.

**Шоқан:**Айсара ақылыңыз көркіне сай
Неткен жансыз осынша мінезге бай
Шығайық биік шыңға серуендейік.
Әнеки шыға келді жарқырап-ай.
**Айсара:**Шоқан аға, бойыңыз тұнған ақыл
Әр сөзіңіз біз үшін өшпес нақыл
Көрікті аға егерде, қолқа салса,
Ұсыныс қабылдайын болсын мақұл.
**Шоқан:**Айсара, мынау аймақ неткен көркем
Шалғында бой көрсеткен небір өркен
Неліктен анау шыңды көз тартатын
Шоқысы Қоянкөздің деді екен.
**Айсара:**Шокан аға, бұл жердің тарихы мол
Жатыпты осы жерде мыңдаған қол
Бекет салған анамыз осы арадан,
Киелі жер атанған сондықтан ол.
Әкесі Қоянкөздің жаны бөлек,
Сезімтал жан болыпты елден ерек.
Қызына енші берер кезде таңдау
Сұра депті қалауыңды жанға керек.
Сол кезде жан апамыз былай депті:
Көгеніңіз бір жұттық мал емес пе?
Өнер деген мәңгілік тал емес пе?
Өнер керек балаңа жан әкешім
Көген десем өрісім тар емес пе?-деген екен.
**Шоқан:**Айсара содан шығар сезімталсың
Ай жүзіңе қараумен көзім талсын
Неге биік шыңға жерле депті апамыз?
Жанымда ең болмаса сөзі қалсын.
**Айсара:**Қайнысы Байторыны сыйлап өткен,
Ол-дағы бұл өмірден ерте кеткен.
-Биікке жерлеңіздер мына мені
Ең болмаса жатайын көріп көктен,-
Дегеннен соң, шоқыға жерленіпті.
**Шоқан:**Мың тәубе осы жерге келгеніме
Інжуін бұл аңыздың тергеніме
Тағдырыма ризамын Айсаражан
Тарихи жерді, сені көргеніме.

Түрлі байқауларға қатысқанда өзін-өзі таныстыру бөлімі бар, ұстаздықты дәріптеп, ақ қағаздан **«жүрек»** қаптама жасап, әр бөліміне ұстаздарға тән қасиеттерді жазып былай деуге болады.

Мынау менің жүрегім
**«Білім»** менің тірегім
Көп оқимын, көп білем
Ізденіп ылғи жүремін,
**«Мақсат»** қойып алдыма
Тынымсыз өмір сүремін.
Сол себепті өзіме **«талап»** қоя білемін
**«Мейірім»** толы бойымда
Шаттана еркін күлемін
Балаға жүрек жылуы
Керек екенін білемін
**«Ақылдың»** кенін күредім
Ашудың бұлтын түремін
Ұстазға көп қасиеттердің
Аз болмайтынын білемін

***Жыл мұғалімі Ғалияға – 2006 жыл***
Ұқсайды өткен өмір ертегіге,
Арманның көп ілестім жетегіне
Дәріс алдым Шоқан аға мектебінде
Туып өстім Матай тау етегінде
Тбиғат байлығына көзің тұнған
Шоқан баба біз жақта көзін жұмған
Қоянкөз бекетінің баурайында
Шоқанның мәңгі биік үйі тұрған
Мінеки, мен киелі жерде туғам.
Ісі шексіз тұнып тұр өн бойында
Білімдері бітіскен бар бойында
Әлі де зерттеу керек ұлы адамды
Ешкім де қарсы болмас бұл ойыма
Сондықтан,ұрпақ бізге – сізге аманат
Жасамас аманатқа еш қиянат.
Іздейік Шоқан жайлы соны дерек
Мәуелеп жайылсыншы алтын терек.
Қуанып саясында дем алайық
Тындырып біраз істі елден ерек.
**1-оқушы:**Шоқан аға неткен бітпес қазына
Қынжыламын асылдардың азына
Әттен қысқа болған екен өмірін
Шаба алмады—ау асыл тұлпар жазыла
**2-оқушы:**Шоқан аға жайлы дерек қызықты
Өміріне бітпес сәуле сызыпты
Риза болдым Шоқан аға өріне
Отырғандай осы топтың төрінде
Сымдай болып жүргендей-ау керіле

Əн мен сырын тыңдай берем беріле
Қазақ туын көтерген бұл еріңе
Риза болдым, риза болдым беріле!

**Туған жерге мақтаныш.**

Кербұлақ үлкен өңір елге мәлім,
Байлықтары кіргізер жердің әрін
Алтынемел, Айқайқұм рудалары
Тіл жетпейді айтуға оның бәрін
Жоламан, Малайсары бабалары
Жер мен елін қорғаған батыр бәрі
Ұлы Шокан көз жұмды осы өңірде
Тартты ма киелі жер соңғы дәмі
Бұл жердің киесі бар, иесі бар
Қасиетін бойына сіңірде ал
Оқып, үйрен дамылсыз ізденумен
Еңбек ет, тек аянба барыңды сал!

***Жарнама-Ғалияға.***

Жарнама болсын,жарнама болсын
Ойыма менің тек қана, көңілдеріңіз толсын!
Қоғалы-ай дейді, малға жай дейді
Жағалай елге мыңғырған мал қонсын
Киелі бақ қонған жайлаулы елім
Нұрғали, Дәнеш секілді әнші
Топырағына аунап-кунаған жерім.
Дүниеге келген біздің ауылда
Өмірден ерте қол бұлғап кеткен
Токсын ағадай танымал серім.
Зылиха сынды іскер жандардың
Шанына жетпес, айтулы ерің.
Біздің жакка келіңіздер!
Конакка келіп,қуанып қайтыңыз,
Табиғат байлығын баршаға айтыңыз
Кәусәр бұлақтар жылғада саркырап
Бойында жүрген мал-жандар арқырап
Риза болып, келген жан қимай
Жатады конып.
Жаз айы келсең,бүлдірген дайын
Күз айы болса,картошка деген 2-ші наннын
Астында қалып,
Қайтасыз елге тонналап алып
Бірак та, біз жакка сақтыкпен келіңіз
Ескерту ғана мұнысы деніз
Алтынемелдің суық желі бар
Ыңғайсыздау боларлық кейбір жері бар

Сондықтан етек-жең ұзын болсын
Жеңілдеу кийініп, мұздап сіз қалмаңыз
Ерекше киімді біз жаққа арнаңыз
Қымтанып киімнің замогын саласыз
Қалаға барған соң қайтадан аласыз.
Қып-қысқа киіммен қаладан шығасыз
Етектің ұшын бел жаққа тығасыз
Ауыстырып әуре болмассыз тегі
Өнердің шіркін бар ма екен шегі
Жібере салып етекті жерге
Сыпайы ған келесіз елге
Күз келсе, қыстап шығасыз бізде
Сондықтан қыстық киімді ізде
Жартылай етікті киіп аласыз
Қонышын оның қалтаға саласыз
Қыс түссе болды қалтадан алып, орнына салып
Мынадай киімге қуанып қаласыз.
Көріңіздер, көріңіздер!
Әділ баға беріңіздер
Мына сөзіме сеніңіздер
Біздің жаққа келіңіздер!

2007 жыл.
**«Сынып жетекші»** байқауына.
Армысыз осы сынға жиылған топ
Біліммен бақ сынауға жиылған көп
Ортаңызға мен шықтым барыммен
Ризамын ойыңыздан шыға алсам деп.
Туыппын Күреңбелдей ұлы жерде
Шоқан бабам тоқтаған киелі елде
Ақыл мен парасатым бойымда мол
Бұл жерде туған жоқпын бекер мен де.
Аптаның әрбір күні бізге мәлім
Жұма күні мұсылманға өте тәлім
Осы күні дүниеге келген екем
Жұмагүл деп ат қойған ойлап бәрін.
Адамның ұнар маған инабаты
Иба-ізет мейіріммен шықса аты
Қаладым ұстазыдықтың ұлы жолын
Бас иер бүкіл әлем адамзаты.
Ортада жүрген бүгін әрбір адам
Өтеміз небір мықты салалардан
Тілеймін әріптестер бақ жануын
Жұлдыздар жарқырасын арамыздан.
Әділдік болмаса егер болмаса шығар алға

Бұл дүние жақсылардан қалар ада
Әділқазы алқасы сеніп тұрмыз
Мықтыларға берер деп әділ баға
Бұл сында небір арман ойға енем
Жақсы мен ізгіліктің бәрін көрем
Ақ жол тілей отырып,баршаңызға
Мақсатым: озық оймен алда келем.

**Тағамды жарнамалау**

Шебермін он саусақтан өнер тамған
Әжелер дәстүрінен үлгі алған
Берейін алдыңызға сол ісімді
Асықпай биксерменен өрнек салған
Жанұя ұйытқысымын бойымда ар
Төрт бала анасымын, аяулы жар
Дәмді ас берекесі отбасының
Аспаздық қасиетім тағы да бар:
Құймақ деген қандайды, дәмі тәтті балдайды,
Жесең дәмі кетпестей, үйіреді таңдайды.
Алма, анар, мандарин,йогурт, салат ішінде
Бойыңа тез сіңеді,пайдасы көп кісіге.
Салат пенен құймақты қосып жесең қандайды,
Дәруменге өте бай ауруың қалмайды.
Тазалайды ағзаңды, зиянды зат сүзеді
Бойыңдағы жел-құзды осы десерт үзеді.

# Мазмұны:

1. Кіріспе 4 бет
2. Жорғалаушылардың дене құрылысы және тіршілік әрекеті 6-13 бет
3. Қосмекенділердің құрылысы, тіршілігі, көбеюі 13-16 бет
4. «Шығару өнімдері» тарауын қайталау 16-19 бет
5. «Тері» тақырыбын кайталау 20-21 бет
6. Өсімдіктанумен қоштасу 21-23 бет
7. Көпжасушалы жануарлардың тыныс алуы 23-27 бет
8. Ішекқуыстылардың көбеюі, дамуы 28-30 бет
9. Сезім мүшелері қайталау сабағы 30-41 бет
10. Оқушылардың танымдық қабілетін арттырудағы танымжорықтың мәні 40-47 бет
11. Жергілікті жердің өсімдіктерін мал шаруашылығына пайдалану 47-53 бет
12. 6 сынып бойынша өздік жұмыстарына сәйкестендіру тесті 53-58 бет
13. Есірткісіз болашақ (тапқыштар,әзілқойлар клубы) 58-66 бет
14. СПИД –заман зобалаңы. (тәрбие сағаты) 66-71 бет
15. Құстар-табиғат байлығы (тапқыштар,әзілқойлар клубы) 71-82 бет
16. Ұстаз ойлары- өлең жолдарында. 82-91 бет

Офсеттік қағаз. RISO. Формат А4.
Тапсырыс №065. Таралымы 100 шт.

ЖШС «Фирма Даир» баспасы.
E-mail: firma_dair@mail.ru